



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БІРЛІГІ МЫҚТЫ ЕЛ ОЗАДЫ...



Санаулы күндерден кейін 2022 жыл да тарих күнпарақтарына енеді. Сарапшылар бұл жылды халықтың қайта түлеген, жаңарған, жақсылыққа, жаңашылдыққа ұмтылған жылы болды деп бағалауда. Оған себеп жоқ та емес. 238 адамның өмірін қиған қаңтардағы қаралы оқиға ел өміріне жедел әрі елеулі өзгерістер қажет екенін көрсетті, билік пен халықтың алшақтап бара жатқан арасын жақындатты.

(Соңы 3-бетте)

ТАЛҚЫ

СОТ ТІЛІН ҚАЗАҚШАЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

Елімізде сот процестерінің дені, яғни 70 пайызы орыс тілінде жүреді. Тіпті, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары мен Алматы өңірлерінде қазылықтың қазақшасы 5 пайыздан аспайды екен. Бұл жөнінде Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев өткен жұмада Жоғарғы Сот пен М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық университеті ұйымдастырған конференцияда мәлімдеді. Алқалы жиын «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» деген атпен өтіп, Парламент Мәжілісі, судьялар корпусы, прокуратура, ғылым және жоғары білім, әділет, ішкі істер, тіл саясаты ұйымдарының өкілдері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйым басшыларының басын қосқан еді.

Жалпы құқық қорғау жүйесіндегі мемлекеттік тілдің қолданысы қоғамда үнемі аландаушылық тудырып келеді. Себебі тап осы мәселе қазақ тілінің мәртебесіне ғана емес, сот орбитасына тартылатын азаматтар құқығының қорғалуына да өз көленкесін түсіріп жүр. Бұл ретте, әсіресе, қазақ тілді қауым үшін күрделі жағдай туындайтыны айтылудан кенде емес. Алайда, жағдай көлеңкеде қала береді. Құқық қорғау саласында қанша реформа жүрсе де қазақ тілінің қолданылу деңгейіне қатысты осы кезеңге дейін қандай бір шара қабылданғанын естімеппіз. Мұндағы қауым еліміздегі мемлекет құраушы халық қазақ екенін, олардың өз құқығын ана тілінде қорғауға құқықты екенін ұмытып кеткендей.

(Соңы 2-бетте)



«ТАҒЫМ» – ЖАҢҒЫРУ
МЕН ЖАҢАРУДЫҢ БАСЫ


3-бет



Бауыржан
МҰРАТБЕКҰЛЫ,
экономист,
«Болашақ»
бағдарламасының
тағылымдамашысы

КІРІСТІ ТЕК МҰНАЙҒА
БАЙЛАУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

4-бет



ЕЛ ТАРИХЫ –
ЖЕР ТАРИХЫ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Еділ Жаңбыршин,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ДЕПУТАТТЫҢ МАҚСАТЫ – ЕЛДІҢ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛУ»

– Еділ Терекбайұлы, қазақ халқы үшін сынаққа толы болған барыс жылы тарих қойнауына кетіп барды. Бұл кезең еліміздің жоғарғы заң шығарушылық ұйымына да біраз зәуір артқаны анық. Ол зәуірді көтере алдық деп ойлайсыздар ма?

– Иә, бұл кезең депутаттық корпус үшін жауапкершілікті, табандылықты қажет еткен уақыт болды. Мәжіліс өте өнімді жұмыс жасады десек артық айтқандық емес. Өйткені, қаңтар оқиғасынан кейін Президент бірнеше рет үндеу жасап, оның ішінде Парламентке қатысты көптеген міндеттер белгіледі ғой. Бұған дейін де елдегі бүкіл өзекті мәселелердің барлығы Парламентте талқылануы және халыққа қажетті заңдарды жедел шығару керектігін күн тәртібіне қойып келген болатын. Сондықтан үшінші сессияның өзінде Парламентке 63 заң жобасы келіп түсті.

(Соңы 5-бетте)

Ештен кеш жақсы дегендей, осы жағдай оңына қарай өзгеруге бет алғандай. Аталмыш жиынның ұйымдастырылуы соның басы болар деген үмітке жетелейді.

Айтары жоқ, бұл басқосу құқық қорғау саласындағы мемлекеттік тілдің қолданысына қатысты біраз түйткілді су бетіне шығарды. Бұл құқық қорғау саласындағы тек ана тілімізде өткен алғаш жиын болар. Оған қатысып, сөз сөйлегендердің бәрі де осы мәселенің көтерілгенін көптен күткендей ағынан жарыла еркін көсілді, Сезімге беріліп кеткендер де болды. Ол жөнінде сәл кейінірек. Алдымен еліміздің су жаңа Бас судьясының айтқанын ортаға салалық. Мерғалиев мырза өз сөзін: «Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейінгі ұлан-ғайыр ұлы даланы мекендеген ата-бабамыз ұрпағына мол мұра қалдырып кетті. Соның ішіндегі ең қуаттысы, ең асылы – қасиетті қазақ тілі. Дауға салса – алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар?! Әрине, қымбат ешнәрсесі жоқ», – деп бастады. Осы ретте сот процестерінің 70 пайызының орыс тілінде жүретінін қынжыла жеткізген ол бұл жағдайға мемлекеттік органдардың қазақ тілінде құжат дайындауға құлықсыздығын себеп етті. Сот – құқықтық процесте нүкте қоятын ең соңғы саты екенін, құқығы бұзылған адамның алдымен полицияға, прокуратураға, адвокатқа, содан соң барып, сотқа келетінін қадап айтты. Оның сөзіне қарағанда бұл жерде мемлекеттік органдардың да рөлін естен шығармауымыз керек. Себебі, мемлекеттік ұйымдар сотқа талап арыздарын әлі күнге дейін, негізінен, орыс тілінде жолдауда.

Одан әрі мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде сот жүйесіне қоғамның сотқа деген сенімін арттыру – басты мақсат екенін айтқан Жоғарғы Сот төрағасы осы ретте туындайтын «судья қазақша сөйлей алмаса, сот актісін сауатты жазып, түсіндіре алмаса, сенім қайдан болады? Сот жүйесіндегі тіліміздің жағдайы қандай? Оны жақсарту бағытында қандай шаралар қолға алынуда?» – деген сауалдарды ортаға тастады. Іле бұл сұрақтарға жауап беру құзыретін Жоғарғы Соттың алқа төрағасы Нұрсерік Шәріповтің құзырына берді. Нұрсерік Кәрімұлы жиынның күн тәртібіне қойылған мәселені мүмкіндігінше барлық қырынан талдап, шешімін де ұсынуға тырысты. Ол алдымен «Тіл туралы» заңның 4-бөлігінде: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі» деп бекітілгенін еске салды. Оның бер жағында Азаматтық-процестік, Қылмыстық-про-

ТАЛҚЫ

СОТ ТІЛІН ҚАЗАҚШАЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

лары әкімшілік хаттаманы көбінесе орысша толтыратынын қынжыла айта келіп, «Олардың қазақша жазуына кім кедергі?» деген сауал тастады.

Тергеуші тергеу материалдарын қазақшаламай, соттағы қылмыстық істер де қазақшаланбайтынын атап көрсетті. Сол секілді адвокатура қызметінің орыс тіліне бейім екеніне де мысал келтірді. Оның айтуынша, адвокатурада жүргендердің 90 пайызы – өзіміздің қарақөз қаңдастарымыз. Қазақшасы тәп-тәуір азаматтар аз емес. Бірақ, неге екені белгісіз, сотқа жолдаған материалдарының басым бөлігі орысша.

Прокурорлар да айыптау актісін көбінесе орысша толтырады екен. Сот залында да ойын қазақшадан гөрі орысша жеткізгенді жөн көреді. Мем-



лекеттік мекемелер де өз талап-арыздарын сотқа орысша жолдайды.

Бұл ретте Нұрсерік Кәрімұлы судьяларды да сүттен ақ, судан таза деп ақтаған жоқ. Судьялар арасында да қазақша жөнді білмейтін, ойын дұрыс жеткізе алмайтындардың барын жасырмады. Судьялар тілді үйрену қажеттігін айтатын ескертуді жүре тындайды. Нұрсерік Кәрімұлының айтуынша бұл жағдай тек сот-құқық саласында мемлекеттік тілді білмегендер жұмыс істей алмайды деген талап болса ғана өзгереді. Онда қазіргі судьялардың көбісі жұмыстан босатылған болар еді. Тіліміздің заң, сот, жалпы құқық саласында әлі күнге дейін көрші елдің тілінде сөйлеуіне халықтың кінәсі жоқ. Кінә – өзімізден!

дың орыс тіліндегі нұсқасына жиі жүгінуінің бірден бір себебі осы. Сонымен қатар, олардың қазақ тілін үйренуге құлықсыздығы, құқық қорғау, сот жүйесіне кадрларды іріктеу кезінде мемлекеттік тілдің талап етілмеуі де қазақ тілінің өрісін тарылтып тұр. Ол соңғысына қатысты заң шығару, құқық қорғау жүйесінде орыстілді мамандардың көбірек жұмыс істеуіне, қоғамда «менің құқығымды орыстілді заңгер жақсырақ қорғайды» деген түсінік қалыптасқандығына орынды назар аудартты. Негізінде мұндай стереотипті жоятын уақыт келді. Қазақ тілді білікті мамандар жоқ емес, бар. Оларды салаға тарту үшін қолдан келетін амалдың барлығын жасау керек! Себептердің қатарына мемлекеттік органдар мен мекемелердің сотқа талап арыздарды орысша жолдауы да жатқызылды. Бұл мемлекеттік органдардың мемлекеттік тілге жаны ашымайтындығын көрсетеді.

Нұрсерік Кәрімұлы баяндамасында бұл мәселелерді шешудің де жолын жіліктеп берді. Олардың қатарында құқық қорғау, әділет, сот органдары, Жоғары Сот Кеңесі офицерлерді, судьялыққа үміткерлерді және мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді жұмысқа қабылдау кезінде мемлекеттік тілді В-2 деңгейінде білетіндігін растайтын Қазтест сертификатын талап ету нормасын енгізу, адвокатура, нотариат, медиация, заң консультанттары мен сот орындаушыларына лицензия беру кезінде мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде білуін міндеттейтін талаптарды заңға енгізу, сот, құқық қорғау органдарына қарасты ведомстволық мамандандырылған академияларға оқуға қабылдау, сондай-ақ, жоғары тұрған лауазымдар резервие кадрларды іріктеу, оларды мансаптық ілгерілету кезінде қазақ тілін кәсіби деңгейде білу талабын заңмен белгілеу, сот, құқық қорғау органдары үшін мемлекеттік органдар мен мекемелерден түсетін іс қағаздарды 100 пайыз қазақ тілінде қабылдау талабын енгізу секілді шаралар бар. Ең бастысы осында жиналған барлық орган өкілдері бірлесіп, «Құқық қорғау және сот органдарында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту тұжырымдамасын» әзірлеп қабылдау керек.

Жиынға арнайы келіп қатысқан Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз сөзінде мәселенің өзектілігін құптай келе жалпы әлемдегі тілдердің дамуындағы қазақ тілінің орны, тілдің сыйымдылығы мен тер-

ТҰҒЫР

минология жайлы айтты. «Біз осы мәселені қолға алып, жаңа 2023–2028 бесжылдық тұжырымдаманы дайындауымыз керек. Үкіметтің алдында осы мәселені көтердік. Сондықтан осы бүгінгі алаңды пайдалана отырып, әрқайсысымыз, тілжанашыры, сарапшылары, депутаттарымыздың қатысуымен алдағы жұмысты бастаймыз» деп қуанып қойды. Ал, М.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті вице-проректоры Марат Ахмади елімізде қазіргі таңда заң жобалары, жалпы заң шығармашылығы орыс тілінде жүзеге асырылатынын ортаға сала келе жоғарыда айтылған құқық жүйесіндегі мемлекеттік тілдің проблемалары бір-бірімен сабақтасып, араларында себеп-салдар қатынасы бар мәселелер екендігін айтты. Оның айтуынша, зерделенген заң мәтіндеріндегі ақаулардың басты себебі заңдардың түпнұсқада қазақша жазылмауында, заң шығармашылығының қазақша дамымай, сол бұрынғы әдетімен орыс тілінде жалғасуында деп пайымдауға толық негіз бар. Сол секілді өз кезегінде сөз алған М.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев та заң және нормалардың мемлекеттік тілдегі қателіктеріне тоқталып, құқық саласындағы қазақ тілді оқулықтарға назар аудартты. Азаматтық, әкімшілік кодекстер мен басқа да заңдардың қазақ тіліндегі мәтіндеріндегі қателерді айтудың өзі де ұят екендігін қынжыла айтқан ол бұл мәселенің шешімін табу үшін әрбір Қазақстан азаматы,



әрбір білікті маман өз саласында қазақ тілінің үстемдігі үшін өз үлесін қосуы керектігін атап көрсетті. Оқулық тапшылығы мәселесін шешу мақсатында университет құқық саласындағы әлемдік әдебиеттерді қазақ тіліне аудару жұмыстарын бастағанын жария етті.

«Қазақтың аяулы ақыны Мағжан Жұмабаев «Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсесі жоқ. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен мінезі айқын көрінеді» деп сөз саптаған заң ғылымының кандидаты А.Қ.Жұмағали сынды ғалымдар тәуелсіздік алған тұста тіліміздің осынша деңгейде сұраныссыз қалғанын ашына айтып жатты. «Алаш арыстары өздері айдауда, қолдары байлаулы болып жүріп, қаншама іс тындырды. Ал біз не істеп отырмыз?!», – деп ашуға бұлығып, іштегі қиылыны ірікпей, лақ еткізіп ортаға тастай салды.

Жиында құқыққорғау саласындағы қазақ тілінің қолданылуына кері әсерін тигізіп тұрған мемлекеттік тілдегі заңдардың сапасына қатысты да егжей-тегжейлі айтылды. Бұл ретте Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінен келген заң ғылымдарының кандидаты, профессор Гүлжарына Ильясованың жасаған баяндамасы дәйектілігімен назар аудартты. Ол да қазақ тілді заңдардың түсініксіз жазылғандықтан қолданылмайтынын айтты. Ильясова ханымның сөзінен түйгеніміз, қазақстандық құқық шығармашылық процесінде нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін қазақ тіліне аудару кезінде мемлекеттік тілде заңдық терминдер біртекті қолданылмайтындықтан кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде заңгерлер үнемі түрлі қиындықтарға тап болады. Мысалы, заңның мәтіні тікелей аударылуы

салдарынан құқық нормаларының мәні жоғалып, заңдық терминдердің мағынасы өзгереді. Жалпыға бірдей танылған заңдық терминдер бірнеше түрлі нұсқада аударылады. Мұндай мәселелер құқық нормаларын теріс түсінуге және солай түсіндіруге әкеледі. Сондықтан бұл мәселелерді жан-жақты талқылап, шешудің жолдарын табу керек. Өйткені, тек заңдардың сапасын арттыру арқылы ғана мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге қол жеткізе аламыз.

Зерттеуші ғалымдар тарапынан ҚР Азаматтық кодексінің (жалпы бөлімінің), ҚР Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлімінің), ҚР Азаматтық процесілік кодексінің, ҚР Кәсіпкерлік кодексінің баптарының мәтіндеріне лингвистикалық-құқықтық сараптамалар жүргізіліп, заңдық техниканың талаптарына сәйкессіздіктер, заңдық терминдердің дұрыс аударылмауы салдарынан құқық нормаларының мағынасының бұзылуы анықталды. Авторлар ұлттық заңнамада шет тілінен енгізілген заңдық терминдерді қазақ тіліне аудармай-ақ түпнұсқа түрінде қолдану қажет деген қорытындыға келді. Сонымен қатар, сараптама нәтижесінде сарапшылар заңнамалық актілердің мәтіндерін қазақ тіліне сапасыз аудару мәселелері бойынша жалпылама талдаулар жасалды. Бұл орайда ұлттық заңнамада шет тілінен енгізілген заңдық терминдерді қазақ тіліне аудармастан түпнұсқа түрінде қолдану ұсынылды, өйткені, заңдық техниканың міндетті шарты – терминологияның біртектілігін сақтау және бір ұғымға қатысты бірнеше терминдерді қолдануға жол бермеу. Халықаралық, шетел нормативтік-құқықтық актілерінен заңдық терминологиясын алу процесі шет тіліндегі терминдерді Қазақстан заңнамасына жәй көшірумен шектелмеуі тиіс. Отандық құқықтық жүйеге сәйкес келетін терминдерді ғана қабылдаған жөн.

Осы тұрғыда Жоғарғы Сот Бас прокуратурамен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Ішкі істер министрлігімен және Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлесіп, «Қылмыстық іс жүргізудің процесілік құжат үлгілері» атты 2 томдық кітапты шығарыпты. 15 тараудан құралған кітап прокурор-



лар мен тергеушілердің сараптама-сынан өткен. Қоғамда жиі кездесетін қылмыс түрлері бойынша процесілік құжаттардың (баянаттар, тергеу хаттамалары, қаулылар, айыптау актілері тб) бірыңғай үлгілері ұсынылды. Бұл еңбек тергеушілерге, прокурорларға, судьяларға, жалпы криминалистика саласындағы мамандарға аса қажетті құрал.

Жиында сөз алғандар аудармашыларға қатысты да мәселені көтерді. Бұл орайда ұққанымыз сот процесінде қазақ тілді тарап қажет ететін аудармашылар қызметі талап деңгейінде көрсетілмейді. Бұған басты себеп олардың жалақысының мардымсыздығы. Осының салдарынан аудармашылыққа келетіндер аз, кейде олардың міндетін кездейсоқ адамдарға жүктеуге мәжбүр боламыз. Тіпті, сот кеңсесіндегі жүргізушінің де амалсыздан аудармашы болып кететін кездері бар. Мұндай жағдайда қазақ тілді тараптың құқы қарай дұрыс қорғалады? Өкінішке қарай бұл мәселе назардан тыс қалып келеді. Жиында айтылған әңгіменің негізгі түйіні бұл мәселенің адами фактормен байланысты екендігі болды. Ақиқатында күнделікті өмірде тілімізді қолдануға ешкім кедергі емес. Қазақ тілінің несі де, жоқтаушысы да – өзіміз. Егер оны өзіміз қолданбасақ, ол басқа ешкімге керек емес. Сондықтан тілдің мәртебесін көтеруге күш салуымыз керек. Осы айтылған мәселелерді қорыта келе конференция қатысушылары бірлескен қарар қабылдады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Суреттер Жоғарғы Сот сайтынан алынды

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БІРЛІГІ МЫҚТЫ ЕЛ ОЗАДЫ...

(Соңы. Басы 1-бетте)

68 заң, 422 жарлық...

Саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани салалар ескі сұрлеуден шығып, жаңа арна, жаңа бағытқа бет бұрды. Шын мәніндегі «Еститін Үкімет» принципті сахна төріне шықты. Мемлекет тізгінін тағы бір мәрте жеті жылға қолына алған Қ.Тоқаев қарапайым халық мүддесіне жұмыс істейтін мемлекеттік, құқықтық жүйе құруға кірісті. Елдің әлеуметтік жағдайы мен әлеуетін көтеруге арналған нақты жоспарлар мен елеулі шешімдер қабылданды. Мәселен, күні кеше ғана ҚР Президенті сайты Қ.Тоқаевтың жыл бойғы атқарған жұмыстарының қорытындысын жариялады.

«ҚР Президенті баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, Президент өтіп бара жатқан жылда 68 заңға, 422 жарлыққа, 137 өкімге, 4 508 қызметтік хат-хабарға, 594 жеке және заңды тұлғалардың жолданымына қатысты тиісті шешімдерге қол қойды. Сонымен қатар, 60 жеделхат жолдады. 30 мемлекеттің Төтенше және өкілетті елшісінен сенім грамоталарын қабылдады. 59 рет телефон арқылы сөйлесті. 4 рет үндеу мен мәлімдеме жасады. 1 рет жария түрде конституциялық заңдарға қол қойды. 59 жиналыс пен кеңеске, 31 халықаралық деңгейдегі шараға қатысты. 298 рет қабылдау мен кездесу өткізді». Сондай-ақ, «Президент 2022 жылы ел ішіне және шетелдерге бірқа-

тар сапар жасады. 147 390 шақырым қашықтыққа ұшты. 238 сағат 55 минут ұшақта болды. Мемлекет басшысы 16 рет жұмыс сапарымен еліміздің аймақтарына барды. 14 елге 25 рет сапар шекті. Олардың қатарында Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қатар, Түркия, Иран, Сауд Арабиясы, АҚШ, Франция, Әзірбайжан және басқа да елдер бар. Президент 19 елдің мемлекет басшысымен кездесіп, келіссөз жүргізді. Олар: РФ Президенті Владимир Путин, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Рим Папасы Франциск, Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған, Франция Президенті Эмманюэль Макрон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзеев, Кыргызстан Президенті Садыр Жапаров, Иран Президенті Ибрахим Раиси, Қатар әмірі шейх Тәмім бен Хамад Әл Тәни, Сауд Арабиясының королі Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Зайд әл Нахаян, Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиев және басқалары». Сандық есеппен жарты бетке жетер жетпейтін іс-шараларда қаншама күн, сағат, минутқа созылған сәттер бар. Бәрінің өзегінде ел өміріне қатысты батыл қадам, саналы шешім, ауқымды басқосулар жатыр.

Әлеуметтің әлеуеті көтерілмек

Қаңтардағы халықтық толқудың астарында елдің әлеуметтік наразылығы, кедейшіліктен қамыққан, жоқшылық, қымбатшылық, жұмыссыздық қысқан шарасыздық, ашу-ыза жатқан-ды. Халық өз арыз-арманын,

тілек талабын билікке осылай жеткізді. Сындарлы сәт елдің тұтастығы мен тыныштығына қауіп төндірсе де, елеулі өзгеріс, тәуекелдер мен диалогтарға жол ашты. Мемлекет халықтың үніне құлақ түрді. Жаңару мен жаңғырудың жаңаша әдіс тәсілдерін, жолдарын көрсетті. Экономикалық тұрақтылыққа бастайтын, баға саясатын реттейтін идеяларға жол ашты, монополиялық, бюрократиялық үстемдікпен күрес орнады. Соның тағы бір нақты дәлелі елде бұған дейін қолданыста болған заңдарға түзетулер мен өзгерістер енді. Мәселен, жақында ғана Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Айта кетсек, аталған заңға сәйкес мынадай ұғымдарды заңнамалық тұрғыда бекіту ұсынылған: жастардың даму индексі; уақытша жұмысқа орналаспаған жастар (NEET санатындағы жастар); жастармен жұмыс жөніндегі маман; жастардың еңбек жасақтары. Сондай-ақ, құжат аясында «жастар» ұғымының жас шегін 29-дан 35 жасқа дейін ұлғайту жөнінде түзету енгізілді. Жалпы, бұл құжат жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға әсер береді. Атап айтсақ, жастарға тұрғын үйді жеңілдікпен жалға беру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыретін кеңейтуге бағытталған түзетулер қаралған.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан

халқына арнаған жолдауын іске асыру үшін заң аясында әлеуметтік блокты шешетін мынадай түзетулер енгізілді:

- 1) бала күтіміне байланысты жәрдемақыны бала 1,5 жасқа жеткенше төлеу;
- 2) ең төмен базалық зейнетақы мөлшерін ең төмен күнкөріс деңгейінен – 70 пайызға дейін, ең жоғары базалық зейнетақы мөлшерін 120 пайызға дейін жеткізу.
- 3) әйелдердің зейнетке шығу жасын 2028 жылға дейін 61 жас деп бекіту;
- 4) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс шегін 46 еселенген айлық есептік көрсеткіштен 55 еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайту.

Балалардың бақытты болашағы үшін

Соңғы жылдары елде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерге қысым көбейгенін, оның алдын алудың жолдары біздің елде қарастырылмағаны көп айтылды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан өзге мектепте өз замандастары тарапынан, жоғары сынып балалары тарапынан қысымға көп ұшырайтын балалар қылмысы көбейген. Осы ретте, жақында Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің 21 желтоқсандағы бұйрығымен Баланы жәбірлеудің (буллинг) алдын алу ережесін бекітті. Бұл да балалардың болашағына алаңдайтын қарапайым ата-ана үшін көңіл қуанта-тын ақпарат еді.

«Құжатқа сәйкес, білім беру ұйымы әкімшілігінің келісімі бойынша баланы жәбірлеудің алдын алу жөніндегі жұмысқа ата-аналар жұртшылығының, қызметі білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғауға қайшы келмейтін мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері тартылады.

Баланы жәбірлеу туралы ақпарат жергілікті атқарушы органға не білім беру ұйымына келіп түскен кезде жауапты тұлға ақпаратты баланы жәбірлеу туралы ақпаратты есепке алу журналында тіркейді. Баланы жәбірлеу ту-

ралы келіп түскен ақпарат 1 (бір) күн ішінде басшыға жеткізіледі. Баланы жәбірлеу туралы ақпарат білім беру ұйымына түскен кезде білім беру ұйымы басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:

- 1) баланы жәбірлеуге қатысушылар туралы ақпарат келіп түскен күннен бастап бастапқы ақпаратты қалыптастырады, оған мыналар кіреді:

баланың (отбасы мүшелерінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); тұрғылықты жері; оқу орны бойынша баланың жалпы сипаттамасы;

сынып жетекшісінің, куратордың, баланы (педагогты) жәбірлеуге қатысушылардың және баланың заңды өкілдерінің жазбаша түсіндірмесі.

- 2) ақпарат келіп түскеннен кейін бір жұмыс күні ішінде сынып жетекшісін, педагог-психологты тарта отырып, жәбірлеуге ұшыраған баламен, сондай-ақ жәбірлеудің бастамашысымен/қоздырушысымен және олардың заңды өкілдерімен әңгімелесу жүргізеді;

- 3) баланы жәбірлеуге байланысты жанжалды бейбіт жолмен реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

- 4) медициналық айғақтар болған кезде медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкес жәбірлеуден зардап шеккен балаларға медициналық көмек көрсетуге жәрдемдеседі;

- 5) әңгімелесу өткізілгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы ақпаратты білім беру ұйымдарының басшысына береді».

Ел өмірінде бұдан өзге де көңіл қуантатын сәттер көп. Ауыр естеліктерімен қатар ел енді жаңарған, жаңы-рған мемлекеттегі елеулі өзгерістерді де құрметпен еске алатын болады. Болашаққа үмітті, келер күннен жақсылық күтетін халық қазақстандықтардың алдағы өмірі нұрлы, шуақты өзгерістерге ұшыраса дейді. Ел мемлекетке емес, мемлекет ел игілігіне жұмыс атқарса. Таза, жемқорлықсыз, әділетті жүйе орнап, бәсекеге қабілеттілік артып, жастарға мүмкіндіктер артса шынайы жаңғыру сол болмақ.

Жадыра ҚҰДАЙБЕРГЕН

МЕМОРИАЛ

«ТАҒЗЫМ» — ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАҢАРУДЫҢ БАСЫ

Артта қалған 2022 жыл мәңгі ұмытылмастай болып ел тарихына енді. Жылдың басты оқиғасы ретінде біреулер – Қаңтар оқиғасын атаса, енді біреулер ҚР Президенті сайлауының кезектен тыс өткізіліп, Мемлекет басшысы өкілеттігінің 7 жылмен шектелуін атап жүр. Әрине бұл екі оқиғаның қайсысы бірінші, қайсысы екінші екенін әзірге ешкім тап басып айтып бере алмасы анық.



Сарапшылардың айтуынша, бұл үшін бір емес, кемінде ондаған жыл қажет. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматыдағы іс сапары кезінде 23 желтоқсанда Қаңтар оқиғасының құрбандарына арналған «Тағзым» мемориалының ашылу рәсіміне қатысуын соның басы деуге болады.

Президенттің сөзіне қарағанда, бұл ескерткіштің мағынасы терең, маңызы өте зор. Мұн-

да Қазақ елінің мемлекеттігін нығайту жолындағы қиылыс кезеңдер көрініс тапқан. Тас тұғырларға әйгілі тұлғаларымыздың өлеңдері және өсиеттері жазылған. Ұлтты ұйыстыратын осы сөздер әрқайсысымызға ой салады. Ол қаңтарда қаза болған азаматтардың рухына тағзым және кейінгі ұрпаққа сабақ.

— Халқымыз мықты мемлекет құруға, қасиетті тәуелсіздігімізді нығайтуға және қорғауға

бел бұғанына сенімдімін. Біз саяси жүйені одан әрі демократияландыруға, ұлттық экономиканы монополиядан арылтуға және оның бәсекеге қабілетін арттыруға бағытталған ауқымды реформаларды жалғастырамыз. Жыл басынан бері қысқа мерзім ішінде біраз іс атқарылды. Біз жалпыхалықтық референдум арқылы жаңа Конституциямызды қабылдадық. Қазір алдымыз-



да ауқымды әрі күрделі жұмыс тұр. Біз тұтас ел болып жаңғыру және жаңару жолына аяқ бастық. Әрине, бұл – тек басы ғана, бұл жолдың оңай болмайтыны анық. Бірақ біздің басты мақсатымыз баршаға айқын. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру және бәріне бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастыру. Біз әрқашан бірге

болсақ, міндетті түрде мақсатымызға жетеміз. Мен бұған көміл сенемін, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы қаңтар оқиғасы кезінде шынайы батылдық пен жоғары азаматтық жауапкершіліктің үлгісін көрсеткен волонтерлерді, дәрігерлер мен полицейлерді және қарапайым адамдарды да ұмытпады. Олардың кейбірі бұл салтанатты шараға қатысып отырғанын атап өтіп, қасіретті қаңтар құрбандары мен нағыз қаһармандардың мәңгі ұмытылмайтынын жеткізді.

— Біз құт-берекенің бастауы тұрақтылық екенін ұғындық. Ел тыныштығын сақтай білмесек, дүние бір сәтте астаң-кестең болатынын көрдік. Тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізді күн сайын қорғауымыз қажет екенін сезіндік. «Жау жоқ деме, жар астында» деген сөздің мәнін де жете түсіндік. Ынтымақ пен бірлік болмаса, басқа жетістіктің бәрі бекер екеніне көз жеткіздік. Сондықтан қаңтар қасіреті және сол кезде

өмірі қиылған азаматтар біздің жадымызда мәңгі сақталады. Біз ұлт болып ұйыссақ, кез келген қауіп-қатерді еңсере аламыз. Мен Президент ретінде мемлекетіміздің тұтастығын және халқымыздың амандығын сақтау үшін бәрін жасаймын, – деген Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзіне бүгінде үміт артатындар да, күдікпен қарайтындар да аз емес. Ол негізсіз де емес. Өйткені халық Мемлекет басшысы айтып жүрген «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» туралы саяси реформа азаматтық қоғамның белсенділігімен ғана жүзеге асатынына көзі жетті. Қазір билік те, халық та бұрынғыша өмір сүруге болмайтынын түсінді. Сондықтан ескі мен жаңаның арасындағы бұл күрестен кейін билік органдары бұрынғы жұмыс тәсілін өзгертіп, халық талабымен санаспаса тұрақтылық пен дамуға қолжеткізу ешкімге оңай соқпайтыны анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САРАП

Азық-түлік бағасын мемлекеттік реттеуді жойып нарықтық еркін бағамға жіберу әлеуметтік қайшылық тудырады. Нарықтың заңдылығына сәйкес, бағаны сұраныс пен ұсыныс қана реттейді. Осы уақытқа дейін мемлекеттің азық-түлікті бақылау, реттеуге қатысты жұмыстары нәтиже берді дей алмаймыз. Бағаны әкімшілік қолмен реттеу саланың инвестициялық тартымдылығын төмендетіп, елдің импортқа тәуелділігін арттыратын фактор екенін мойындау керек. Осы тақырып төңірегінде экономист Бауыржан Мұратбекұлының пікірін білдік.



гі орташа жалақы – 322 мың деп көрсетіп отыр. Бұл жерде 19 миллион халықтың еңбекке жарамды 9 млн-ның орташа жалақысы 322 мың теңге деген сенім қалыптасуы мүмкін. Негізінен олай емес. 322 мың еңбекақы қайдан келді деген заңды сұрақ туындайды. Мысалы 5 адамды қарастыратын болсақ, олардың жалақылары әртүрлі. Ең жоғарғысы 2,5-3 млн теңге, екіншісі 500-600 мың теңге, өзгелері 70-80 мың теңге алуы мүмкін. Осы адамдардың жалақысын қосып 5 адамға бөлгенде жаңағы 322 мың теңге шығады. Бірақ, бұл экономикадағы нақты жағдайды көрсетпейді. Ол әр өңірде әртүрлі болуы мүмкін.

Президент жолдауында ең төменгі жалақыны 70 мыңға дейін өсіру айтылды. Мұның өзі Еуразиялық одақ елдері арасында ең төменгісі болып табылады. Өйткені, 70 мың теңге адамдардың күнделікті сұранысын толық қамтамасыз ете алмайды. Біздегі азық-түлік себетіне қазір 43 тауар кіреді. Ең төменгі күнкөріс шегі 37 мың теңге болған кезде біздің 3 мезгіл тамағымыз бір адамның

тұлғалардың банкроттығы туралы заң елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына серпіліс беруі мүмкін. Сондықтан, бұған жалпы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға өзінің оң әсерін беретін процесс ретінде қарауға болады. Мысалы, проблемалық кредиттердің өзі 0,5 трлн теңгеден асып кетті. Млн-ға жуық адам алған несиеcін қайтаруға қауқарсыз. Осы себепті, жаңа заң өзінің тиімділігін береді деп ойлаймын. Бұл жерде қарапайым халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруды жолға қою маңызды.

Салық кодексіне енгізілетін өзгерістер экономикаға тың серпін беруі әбден ықтимал. Бұл өзгерістер әртүрлі дағдарыстың, пандемияның және тағы басқа да жағдайлардың нәтижесінде туындап отыр. Алдағы жылы қабылданатын Әлеуметтік кодекс мемлекеттің әлеуметтік бағытқа ие бола бастағандығын көрсетеді. Мұны Президенттің сайлауалды бағдарламаларының бір тармағы деуге де болады. Әлеуметтік кодекс әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде мемлекет тарапынан көмекті қамтамасыз ете отырып, азаматтардың өмір бойы сүйемелденуін қамтамасыз ететін фактор болып табылады. Ол жұмыс күшінің кәсіби дағдыларын күшейтуге, жұмыспен қамтамасыз етудің түрлерін заңнамалық бекітуге де тиімді әсерін тигізеді.

Мұнайымыздың 70 пайызға дейін Ресей арқылы өтуінің өзі біздің елге үлкен тәуекел болып табылады. Сол үшін мұнайды, газды және тағы басқа да экспорттық тауарларды өзге де логистикалық, транзиттік жолдар арқылы тасымалдауды қолға алу, яғни, әртараптандыру қажет. Ресейдің қазіргі геосаяси жағдайы қиын болғандықтан, экономикамызға тиімсіз салалардан бас тартып, мемлекетке тиімді кәсіпорындардың еркін жұмыс жасауына пайдасы бар бағыттарды анықтауымыз керек.

Ішкі ресурстарға қаржы салу экономиканы қалыптастырады

Әлемдік ірі экономикалардағы тұрақсыздық, дамушы елдердің өсіп жатқан борышы және валюталық тәуекелдер, санкция шектеулері мен сауда соғысы, дамушы нарықтардың өтімділіктен айырылуы және ірі қаржы конгломераттарының дефолты, сондай-ақ, орталық банктердің мөлшерлемені ұзақ мерзімді өсіруге байланысты әлемдік экономикадағы терең рецессия болуы мүмкін.

Осыған байланысты әлемнің көптеген елдері экономикалық саясатын қалыптастырған кезде, бірінші кезекте ішкі ресурстарға ақша салуды жолға қояды. Яғни, әлеуметтік шиеленістерді туындатпаудың жолдарын қарастырумен қатар, ішкі сұранысты толық қамтамасыз ету арқылы сыртқы нарыққа бет бұрады. Бізге де осы принцип өте қажет. Бірінші кезекте 2022 жылы орын алған әртүрлі сыртқы, ішкі нарықтағы жағымсыз факторларды таразыға салу, экономикалық реформалардың нәтижесін бағалау маңызды. 2023 жылы жаңадан құрылатын үкімет бола ма немесе қазіргі үкімет пе, бастысы өткен қателіктердің себебімен емес, салдарымен күресудің жолдарын қарастыруымыз керек. Шағын және орта бизнеске қазіргі уақытта, мысалы, салықтық жеңілдіктер жасалып жатыр. Бизнес субъектілерін тексеруге жарияланған мораторий ұзартылды. Осылар нәтижелі болуы үшін жемқорлықты тоқтатудың жолдарын арттыруымыз керек. Алдағы уақытта мұнай-газ секторына тәуелділікті азайтып, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, мал шаруашылығы, туризм сияқты экономикаға қосымша ақша әкелетін бағыттарға назар аударуымыз керек.

Мұнайға тәуелділікті азайту шараларын Біріккен Араб Әмірліктері тиімді жүзеге асыруда. Ел 2030 жылға қарай күніне бес миллион баррель мұнай өндіруді жоспарлап отыр. Бұл жылына шамамен 290 миллион тонна. Сол арқылы БАӘ мұнайға тәуелді бюджеттің үлесін 2030 жылға қарай 10%-ға дейін төмендеткісі келеді. Қазір ел бюджетін мұнай компаниялары салықтарының төрттен бір бөлігі құрайды. Ел экономикасының «қара алтынға» тәуелділігін төмендегідей салаларды дамыту арқасында азайтуға мүмкіндік туды. Мысалы, Араб Әмірліктеріне жылына орта есеппен 20 миллион турист келеді. Бірнеше ірі авиакомпания БАӘ-де орналасқан. Теңіз терминалдары мен қоймалар құрылысына көп қаражат бөледі. Жасыл энергияны дамытуда олар күн көзі мен желдің энергия өндіруде тиімді екенін жақсы түсініп отыр. Ал, біздегі ел бюджетіндегі мұнай-газ саласынан түсетін табыстың үлесі 44 % құрайды.

Ұзақ мерзімді перспективада елдің мұнай саласына тәуелділігі оның экономикасын дамыту үшін үлкен қауіп болып саналады. Сол үшін мемлекеттік бюджетті бекіткенде мұнайдың әлемдік нарықтағы құнымен емес, елдегі басқа да пайдалы салалардың табыстылығымен есептеуге көшуді бастауымыз керек.

**Материалды дайындаған
Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

**Бауыржан МҰРАТБЕКҰЛЫ,
экономист, «Болашақ» бағдарламасының тағылымдамашысы**

КІРІСТІ ТЕК МҰНАЙҒА БАЙЛАУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

сау керек. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі көңіл көншітпейді. Мысалы, былтыр 83 мың тонна өнім сактайтын қойма салу жоспарланғанымен, оның 64 мыны ғана пайдалануға берілді немесе жоспар 77 пайыз ғана орындалған.

Қазақстан инфляциямен күрес жүргізіп жатыр. Ұлттық банктің базалық мөлшерлемені бір жылда төрт рет көтергені де сондықтан. Базалық мөлшерлеме көтеру арқылы, инфляцияны төмендеткіміз келеді. Бірақ, бұл жерде ішкі фактормен коса, сыртқы жағдайларды да қаперге алуға тиіспіз. Сол себепті, қазір инфляцияға қатысты болжам жасау қиын. Дегенмен, инфляцияның бетін қайтарудың жолы бар. Шенеуніктер әкімшілік жолмен азық-түлік бағасын ырыққа көндіре алмайды. Бұдан шығудың бір жолы ол – импортты алмастыру процесі. Сырттан көп әкелетін азық-түлікті өзімізде өндіруге күш салуға тиіспіз. Азық-түлік бағасын сыртқы жағдайға жалтақтамай қалыптастыра алатындай деңгейге жетсек, біраз мәселе шешімін табар еді. Ол үшін фермерлерді ынталандыру керек. Қаржылай емес, инфрақұрылымдық тұрғыдан ынталандыру маңызды. Қысқасы, фермерлерге көп өнім өндіріп, бағаны ұстап тұра алатындай жағдай жасау керек

**Тұтынушылық себет
16 жылдан бері
өзгеріссіз**

Биылғы жылы ең төменгі күнкөріс деңгейінің өсуі мен айлық есептік көрсеткіштің артуы мемлекеттік бюджеттен зейнетақы мен жәрдемақы алатын 5,1 миллион адам табысының жоғарылауына әкелді. Ал, ең төменгі жалақының өсуі экономиканың барлық саласында жұмыс істейтін 1,6 миллион адам табысының өсуін қамтамасыз етті. Статистикалық мәліметтер елде-

бір айға жететін сомасы Тағамтану академиясы бекіткен тұтынушылық себетіне байланысты есептелген. Оның өзі соңғы рет 2006 жылы ғана өзгерген. 16 жылдан бері өзгеріссіз қалып отыр.

Егер салыстыратын болсақ, көрші Ресейде тұтынушылық корзинада 150-ден астам тауар бар, Еуропа елдерінде оның саны 250-700-ге дейін жетеді. Мәселен, Ұлыбританияда азық-түлік себетінің ішінде шампан да бар. Онда әрбір азамат жаңа жыл кешінде шампан ату керек деп есептейді. Оған бұдан бөлек тұрмысқа, гигиенаға қажетті заттар мен дәрі-дәрмекке жұмсап, шаштаразға баратын жол жүру шығындарын да кіргізіп қойған. Сол арқылы қарапайым адамдардың күнкөріс қажеттіліктерінің саны мен бағасы да артады.

Біздегі 43 тауардың өзі қарапайым халықтың күнделікті тұрмыстағы қажеттіліктерімен толыққанды қамтамасыз етілмеуіне де кері әсерін тигізуде. Сол үшін бізде төменгі жалақының ең төменгі мөлшері 100 мыңға дейін ұлғайтылуы тиіс. Сонда ғана халық өз қаражатын тиімді жұмсай алады. Өйткені, қазіргі уақытта әлемде әрбір азамат жалақысының 60 пайызын күнделікті шығындарына, несие төлеуге және тағы басқаларға жұмсап, қалған 40 пайызын өзінің дамуына арнаса бұл қалыпты жағдай болып табылады. Күнделікті шығындары осы көрсеткіштен асып кетсе, адамдардың кедейшілік деңгейіне түседі деген қауіп бар. Осы процесті тоқтату үшін бізде ең төменгі жалақы өсуі тиіс.

**Барлық шара
инфляцияның алдын
алуға бағытталуы
керек**

Банкроттықтың 3 түрлі әдіспен жүзеге асатынын ескерсек, Жеке

Кодекстегі бұдан кейінгі жақсы бір дүние көп балалы отбасыларды қолдау шараларын күшейтуге байланысты болып отыр. Мысалы, мемлекеттік жәрдемақылардың 1 жастан 1,5 жасқа дейін ұзартылуы мен көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшерінің көбеюі, сосын 2024 жылдан бастап Ұлттық кордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50 пайызын балалар 18 жасқа толғанға дейін арнайы жинақтау шоттарына аударатындығы сияқты факторлардың барлығы айналып келгенде әлеуметтік жағдайдың жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Базалық мөлшерлеме соңғы рет 5 желтоқсанда 16,75 пайызға дейін көтерілді. Мұның барлығы үкімет пен Ұлттық банктің арасындағы жұмыстың нәтижесіздігін көрсетеді. Ұлттық банк инфляцияның қарқыны жоғарылаған кезде базалық мөлшерлемені көтеру арқылы шектеу қояды. Бірақ, біз қазіргі уақытта инфляцияның қарқынын әлі де тоқтата алмай отырмыз. 2023 жылы инфляцияны тудыратын жағдайлардың алдын алуды нақты жұмыстармен қамтамасыз етпесек, 1,5-2 пайызға дейін тағы көтерілуі әбден мүмкін. Сол үшін үкіметтің 2023 жылдағы ең бірінші жұмысы импортқа тәуелді экономиканы отандық тауар өндірушілердің жұмысымен алмастырып, инфляцияның алдын алу болуы керек.

**Экспорттық тасымалды
әртараптандырудың
маңызы зор**

Қазіргі уақытта бізге сыртқы экономикалық саясатымыздың ауқымын кеңейту керек. Әлі де игерілмей жатқан батыстың, одан кейін Орталық Азияның басқа да өңірлеріне өзіміздің экспорттық тауарларымызды кенінен шығарудың маңызы зор.

КӨКЖИЕК

КРЕАТИВТІ КӘСІПКЕРЛЕР АЛАҢЫ

Астанада «Creative pitching және workshop сессиясы» креативті жобаларының алғашқы пилоттық питчингі өтті. Оны Мәдениет және спорт министрлігі мен «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы бірлiгiн ұйымдастырды.

Екі күнге созылған бұл шараның басты мақсаты – креативті кәсіпкерлік саласындағы ең өзекті жобаларды анықтау, мемлекеттің, бизнестің және креаторлар қауымдастығының өзара іс-қимылы үшін алаң құру дейді ұйымдастырушылар. Онда кәсіпкерлер сәулет және урбанистика, бренд интеграциясы мен ойын идеялары, қазақ тілді аудиторияға арналған маркетингтік стратегиялар, дизайн және сән, экотуризм, жаңа медиа және кино бағыттары бойынша жобаларын ұсынды. Бірінші

күні, спикерлер мен инвесторлар өз білімдерімен бөлісті. Ал екінші күні инвесторлар Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент және Талдықорған қалаларының креативті индустрия өкілдерінің 36 жобасымен танысты.

Kazakh Tourism компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Садуақасовтың айтуынша, талантқа ие болу немесе идеяны ойлап табу – бұл 10% жетістік. Табыстың 90 пайызы оны дұрыс ұсына білу, сата білуге байланысты. Осымен креативті салалардың мәдениет пен өнер саласынан және филантропиядан ерекшеленеді.

Жобаларды бағалау және таңдау кезінде пайдалы және әлеуметтік маңыздылығынан басқа, жобаның коммерциялық құрамдас бөлігінің болуын басты назарға алатынын айтқан Forte

компаниясының маркетинг жөніндегі директоры Антон Ким: «Креатив бұл мәселелерді шешуге, стандартты емес тәсілдерді іздеуге мүмкіндік. Біз ынтымақтастыққа ашықпыз. Креативті салалардың бағыттары бойынша барлығы қызықты. Бірақ бұл питчингте біз жаңа медиа мен киім үлгісінен бастап графика, диджитал дизайнға дейінгі барлық жобаларға назар аударамыз», – деп Forte-де қарастыру үшін 10 жобаны таңдап алғандарын жеткізді. BI Group бөлімінің маркетинг басқармасының басшысы Элина Сүлейменова болса өздері таңдап алған 6 жобаны қарастыратындарын айтты. Ал Jusan-ның PR, ESG маркетинг жөніндегі басқарушы директоры Олегжан Бекетаев қазақ контенті мен театрды дамыту бойынша жобаларға қолдау білдірді.

– Еліміздің ірі бизнес өкілдері алпауыт компанияларының қазақ тіліндегі жобаларға көңіл аударып, ұлт құндылықтарын қолдауға тырысып жатқаны қуантарлық жағдай. Осы іс-шара барысында жер-жерден келген қаншама креативті адамдармен таныстық, ой бөлістік, өзімізге жаңа көкжиектер аштық. Инвесторлардың алдына шығу біз үшін өсу, өзімізді көрсету, дамуға жаңа мүмкіндік, – дейді «Қара шаңырақ» РҚБ басшысы Тұрар Шәкен.

Министрліктің баспасөз қызметі таратқан хабарламаға қарағанда, «Kazakh tourism» ұлттық компаниясында креативті туризм департаменті ашылған. Ол Қазақстанда креативті секторды дамытуды, креативті кәсіпкерлердің өнімдерін экспортқа шығаруға көмектесуді, мүмкіндіктерді кеңейтуді және мемлекеттің, бизнес пен креаторлардың коммуникациясы үшін бірыңғай алаң құруды басты міндеттердің біріне айналдырады.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

(Соқы. Басы 1-бетте)

Оның 17-іне депутаттар бастамашылық жасаса, 45-ін үкімет әзірледі. Басқа сессиялардан ауысып келген заңдар да бар. Оның 8-ін депутаттар дайындаған болса, 42-сі үкіметтен келген заңдар. Бүгінде осы құжаттың 57-сі Сенатқа жіберілді. Жалпы, келіп түсіп жатқан заң жобасы өте көп. Бәрін бірдей қарауға уақыт тығыз.

Негізгі заң шығару үрдісі былтыр Конституцияға өзгеріс енгізуден басталды. Басты мақсат Мемлекет басшысы айтқан, суперпрезиденттік басқарудан «мықты Президент, ықпалды Парламент, есеп беретін Үкіметке» өтудің құқықтық тетіктерін жасауға арналды. Соған байланысты көптеген заңдар Президент тапсырмасымен келді. Референдумға дейін референдум туралы заңға өзгеріс енгіздік және 1 қыркүйектен кейін бірнеше заңдарға өзгерістер енгізілді. Олардың ішінде саяси партиялар, сайлау туралы конституциялық заңдар бар. Жуырда Президент бұл заңдарға қол қойды. Олар-

жерлерді оңалту арқылы шаруашылық айналымға шығару, атом энергиясына және радиоэкология бағытында ғылыми-техникалық зерттеу жұмыстарын жүргізу. Осы мақсатта арнайы оператор тағайындалмақ. Мұндай шара әлемде бірінші рет қабылданғалы отыр.

Сондай-ақ, бірнеше әріптестеріммен бірге электромобиль мен оның инфрақұрылымын дамыту жөнінде заң жобасына бастамашылық жасап, Мәжіліске кіргізіп жатырмыз. Естеріңіз-де болса, Президент 2060 жылға дейін көміртекті нейтрал мемлекетке өтуіміз керек деп тапсырма берген болатын. Бұл әлемдегі климаттың өзгеруіне қатысты. Сонымен қатар қалалардағы, әсіресе, мегаполистердегі ауаның ластануына орай туындаған мәселе. Өйткені, осының салдарынан халықтың денсуалығына орасан зиян тиіп жатыр. Сондықтан әлемдік тәжірибеге сай бұл бағытты дамытуымыз керек. Бүгіннің өзінде «Ауди» компаниясы 2026 жылдан бастап нарыққа тек электромобилдер шығарып, 2033 жылдан іштен жанатын қозғалтқыштар шығаруды

– Көп емес, Мысалы оған кеткен 57 заңның 2-і ғана қайтып келді. Олар қоғамда үлкен резонанс тудырған кибербуллинг мәселесіне қатысты және бюджет туралы заң жобалары. Жалпы Мәжілісте құжаттар мамандар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, депутаттар тарапынан жан-жақты қаралады.



түсімін азайтса қорытынды алуымыз керек екен. Енді жаңа ереже бойынша Үкіметке норма бюджетке қатысты болса ғана береміз деп шештік. Себебі, бұрынғы тәртіп уақытты алып, заңымыздың жолын бөгей-

ды. Депутаттардың бастамасымен бір заңды Мәжіліске кіргізуге бір жылдай уақыт кетеді. Министрліктерден келісім алуымыз қажет. Ведомствоаралық комиссиядан өтуіміз керек. Мысалы, электромобиль туралы заңды ағымдағы жылдың қаңтар айында бастадық, міне желтоқсан болды. Бұл құжатты әлдеқашан қабылдау керек еді. Үкіметтің бюрократиясының ішінде бір жыл жүрдік. Осындай кедергілер жойылса, Парламенттің ықпалы күшейіп, жұмысының тиімділігі арта түсер еді.

– **Алда сайлау. Парламент тағы да мезгілінен бұрын парламенттік белгілі болмай тұр. Не күтесіз бұл өзгерістен?**

– Басында айтып кеткенімдей, бұл сайлауда Парламент жаңа форматта құрылады. Мажоритарлық жолмен жаңа адамдар келіп, үлкен пікірталас алаңына айналады деп ойлаймын. Белсенді, ел үшін жаны ауыратын, ха-

Еділ Жаңбыршин, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ДЕПУТАТТЫҢ МАҚСАТЫ – ЕЛДІҢ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛУ»

дың негізінде партиялардың тіркелуі жеңілдетіліп, саяси басекелестікке жол ашылады. Аудан, қала мәслихаттары түгел, облыстық мәслихаттың жартысы, Парламенттің 30 пайыз депутаттары мажоритарлық жолмен сайланатын болады. Яғни, алдағы сайлауда мәслихат пен Парламент Мәжілісі осындай жүйемен құрылып, оған өңірлерден қоғам белсенділері және барлық саяси күштердің өкілдері сайлана алады. Бұл өкілді органдардағы жұмыстың барынша сапалы болып, ширауына, халыққа жақындығына әсер етері сөзсіз.

Халыққа қажет, қоғам тарапынан үнемі көтеріліп жүрген мәселе қаржы пирамидаларына қатысты заң қабылданды. Оған әріптесіміз Юрий Ли бастамашылық жасаған болатын. Бұрын заңда қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар мен басқарушылар үшін жауапкершілік қарастырылып, ал насихаттап, жарнамалайтын заңдарға еш шара қолданылмайтын. Бұл ерінбегеннің бәрін осындай іспен айналысуға алып келді. Олардың ішінде әсіресе, блогерлер мен жұлдыздардың айы оңынан туды. Мұның ақыры жұртшылықты оңай олжамен табыс табуға итермелеп қана қоймай, осындай алаяқтықтың құрбаны етіп те жатқанын білесіздер. Осы келенсіздікке тосқауыл қою үшін тиісті заңға өзгеріс енгізіліп, ұйымдастырушылар мен басқарушылар үшін жауапкершілік қатайтылды. Олар енді он екі жылға дейін сотталады, Ал жарнамалаушылар үшін айыппұл салу және келтірілген шығынға байланысты үш жылға дейін бас бостандығынан айыру шаралары көзделді.

– **Өзіңіз қай комитеттің құрамындасыз? Белсенді депутаттардың бірі ретінде Сіздің де бастамашылық жасаған заңдарыңыз бар болар?**

– Мен Мәжілістегі Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесімін. Біздің комитет экология, энергетика және төтенше жағдайларға қатысты заңдарға бастамашылық жасайды. Бірақ басқа комитеттердің жұмысына да қатысып, ұсыныстарымызды қосамыз. Заң жобасы бойынша құрылған жұмыс топтарына да мүше боламыз. Өзім бүгінгі таңда 2 заң жобасына бастамашылық жасап отырмын. Оның бірі Семей ядролық полигоны туралы болса, екіншісі осы заң жобасы шеңберінде Жер, Экология кодекстеріне толықтырулар қамтылған ілеспе заң жобалары. Бұл құжаттар бірінші оқылғанынан өтті. Бұйыртыса, келесі жылдың басында жаңадан шақырылған Парламент Мәжілісі қарап, мақұлдайтын шығар. Заң жобалары әлемдегі ең үлкен Семей ядролық полигонын заңдастыруға бағытталған. Ондағы сынақ 1991 жылы Президенттің жарлығымен тоқтатылғанын білесіздер. 500-дің үстінде әртүрлі ядролық сынақтар жасалған полигон Абай, Қарағанды, Павлодар облыстарының жерлеріне кіріп тұр. Аталмыш заң жобалары аясында радиоактивті заттармен қатты бүлінген жер телімдері ғылыми негізде анықталады. Негізгі мақсат Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құрып, радиоактивті ластанған

тоқтату туралы концепция қабылдады. Сонымен қатар АҚШ, Қытай өздерінде шығатын электромобиль санын көбейтіп жатыр. Осы әлемдік тенденциядан біз де қалмауымыз керек. Осы мақсатта жасыл сатып алу туралы заң жобасына бастамашылық жасап, дайындап жатырмыз. Бұл құжат тек органикалық және қайта өңделген тауарлар шығаруға ықпал ету керек. Яғни, мемлекеттік сатып алуға осындай тауарларға жеңілдіктер қарастырылады. Ол өз кезегінде экологияның тазаруына, бүлінбеуіне мүмкіндік беретін заң болады. Осындай тауар әкелетіндерге, өңдейтіндерге қолдау көрсетуіміз керек. Тұрмыстық қалдықтар қайта өңделетін болады. Президент сонымен қатар орман шаруашылығындағы құқықбұзушылықтарға қатаң шаралар белгілеуді тапсырған болатын. Бұл бағытта да түзетулер әзірледік. Олар қамтылған заң жобасы Мәжілістен өтіп, Сенатқа кетті. Агломерацияға байланысты заң жобасы қабылданды. Бұл заңда қандай қалалар агломерацияға жататындығы анықталып, олардың айналасындағы аудандармен бірге жұмыс жасау тетіктері, құзыреттері қарастырылды. Мұндай қалалар мен аудандар енді тауар айналымы, көліктік логистика мәселелерін бірігіп шешеді. Ортақ бағдарлама жасап, бюджеттен қаржы алады. Себебі, олардың әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасы бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан халықты жұмыспен қамтамасыз ету, көліктік қарым-қатынастар, сауда-саттық, жер мәселесі кешенді түрде қаралу керек. Аталмыш заң осының бәрін реттеуге мүмкіндік береді деген сенімдеміз.

– **Жалпы депутаттардың бастамашылығына ерік бар ма?**

– Бар. Біз Парламентаризм институтымен бірге қажет деп тапқан заң жобаларын жасай аламыз.

– **Олай болса, неге мемлекеттік тіліміздің мәртебесіне қатысты бір заң жобасына бастамашылық жасауға болмайды. Әлде мұны қажетсіз санайсыздар ма?**

– Тілге қатысты әріптесіміз Қазыбек Исаның бастамашылығымен дайындалған заң жобасы бар. Бүгінгі таңда Үкіметте жатыр. Тек қана ол емес, біз көптеген заңдарға мемлекеттік тілге қатысты біраз ұсыныстар беріп жатырмыз. Жуырда мемлекеттік қызметкерлер туралы заң жобасына әріптестерімізбен осы құжатқа мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілді білуін міндеттейтін норма енгіздік. Мен жұмыс тобының мүшесімін. Өте қызу талқылау болды. Мемлекеттік органдардың көпшілігі біздің ұсынысымызды қолдап отыр. Сонымен қатар, тест тапсыру кезінде қазақ тілінің балын есепке алатын норма қосып жатырмыз. Неге мемлекеттік қызметшіден бастауымыз керек? Себебі, «Тіл туралы» заңның 9-бабы бойынша ресми құжаттардың бәрі бірінші мемлекеттік тілде дайындалу керек. Мемлекеттік тілді білмеген қызметкер мұны қалай жасамақ? Сондықтан аталмыш мәселенің күн тәртібіне қойылуы дау тудырмауы керек.

– **Жалпы, Сенаттан қайтып келетін заң көп пе?**

Кемшін түсы толтырылып, ширатылады. Соның арқасында өзімізге кері қайтатын заңдар аз.

– **Жалпы заңдарға қатысты қоғам тарапынан сын көп... Бұған не дейсіз?**

– Иә, бұл шындық. Заңдардың сапасы көңілден шыға бермейді. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Парламентке жобалар шікі болып келеді. Мысалы Президенттің тапсырмасымен Мәжіліске енгізілген «Өндірістік саясат туралы» құжаттың 90 пайызын өзгертуге тура келді. Асығыс дайындалғаны көрініп тұрды.

Екіншіден, заңдар орысша дайындалғаннан кейін барып қазақшаға аударылады. Бұл жұмыс дұрыс жасалса бір сәрі. Өкінішке қарай, орашалақ, мағынасыз сөз тіркестерінен бірдене түсіну қиын. Мысалы, «Национальный порад собак» деген сөйлемді «құлттық тұқымдас иттер» деп аударған. Мұны көргенде не жыларымды, не күлерімді білмедім. Мен «қазақы иттер» деп өзгерттім. Оны лингвистер, филологтар, заңгер мамандар қолдады.

Үшінші, кейбір заңдар өте асығыс қаралады. «Уақыт тығыз, тез қабылдау керек» деп екі аяқты бір етікке тығатын кездер де болады. Осындай қысқа мерзімде қараудың салдарынан жуырда цифрлық майнерлерге қатысты заңның бір қайнауы ішінде кетті. Мен мұны құптамадым. Өйткені, бізде қазір электр энергиясы профицит емес, дефицит. Аталмыш заңда профицит болса квотаман беру керектігі дәйектелді. Мен профициттің қай уақытта болатыны белгісіз екенін айтып, қарсы шықтым. Энергия жүйесін жөндеп алмай, бұл салаға ешқандай майнерді кіргізбеу керек. Олар автономды станция салсын немесе далаға жағылып жатқан ілеспе газдардан электр энергиясын алсын. Шын мәнінде бұл көлеңкелі майнерлер біздің бүкіл энергия жүйемізге кіріп, 1000 меговаттың үстінде энергия тұтынып, жүйені отырғызып тастады ғой. Осыны айтып едім, ұсынысымызды қабылдамай, тиісті комитетте заң жобасын тез қарап, қабылдап жіберді.

– **Мұндай жағдай жиі бола ма? Жалпы заңдар неге асығыс дайындалады?**

– Меніңше бұл жерде қандай да бір топтардың мүддесі көзделеді. Яғни, лоббистер бар. Ондайлар Үкімет тарапынан да, бизнес тарапынан да жасалынады. Занды жалпы асығыс қараған дұрыс емес. Бірақ дер кезінде қабылдау керек. Себебі, халық күтіп отыр.

– **Қоғамда Парламент үкімет әкелген заңдарды тек растап, яғни нотариустың ролін ғана атқарып отырғаны жайлы пікір бар. Келісесіз бе?**

– Бұл ұшқары пікір. Біз үкіметтің өкілдерімен үлкен полемикаға барамыз. Десе де, кейде барлық мәселе бойынша үкіметпен келісіп алу туралы ережемен шікісіз байланып отыратынымыз рас. Көбіне концептуалды емес деп қорытынды беріп, ұсыныстарымызға қарсы болады. Жуырда Мәжіліс регламентіне өзгеріс енгіздік. Бастамашының бірі мен. Зерделеп көрсек, ұсынған норма бюджеттің шығынын көбейтсе, не

ді. Шын мәнінде, Үкіметтегі теріс қорытындыны дайындайтын да тиісті министрліктер. Мысалы, өткенде күштік министрліктер әскердегі сарбаздардың өмірін қоғамдық бақылауға қатысты теріс қорытынды берді. Бұған қандай қаржы кетеді? Мен бастама көтеріп, заңды қабылдайтын Үкімет емес, Парламент екенін айттым. Сөйтіп аталмыш талапты өзіміз қайта талқылап, көпшілік дауыспен өткіздік. Алдағы уақытта осы бағытта жұмыс істейтін боламыз.

– **Министрлерге көп ескертулер жасап жатасыз. Бұл үшін қысым болмай ма? Сіздің осы әрекетіңізді хайп деп бағалап жататындар да бар.**

– Мен мұнда хайп үшін жүрген жоқпын. Біздің міндетіміз заң шығару, қоғамда көтеріліп жүрген мәселелерге байланысты депутаттық сауал жасау. Сонымен қатар, сайлаушылардың аманаттарын орындау, соған байланысты, сұрақ қою, сөйлеу. Көбіне дұрыс қабылдайды. Жасыратыны жоқ ренжіп жататындар да бар. Мен ешкімнің жеке басына тиіспеймін. Бұл әлемде қалыптасқан формат. Жалпы Парламент сөйлейтін орын. Сондықтан оның мінберінде мәселе көтеріліп, сындарлы пікір айтылуы керек. Осыны біздің қоғам түсіне бермейді. Бұған көптен бері Парламенттің белсенділігін көрмеуі де себеп болар. Өкінішті әрине. Үндемесен «үндемейтін депутаттар» деп жазғырады. Ал үндеген «хайп ұстады» деп келемеже айналырады. Бірақ бұл мен үшін маңызды емес. Мен үшін басты мақсат – елдің аманатына адал болып, үнін билікке жеткізу. Қажет заңдардың дұрыс қабылдануына мүмкіндігімше ат салысу.

– **Парламент жұмысының тиімділігі артуы үшін бұл ұйымға қосымша қандай құзыреттер керек деп ойлайсыз?**

– Парламенттің өкілдігі күшейіп жатыр. Бұл үрдіс әлі жалғасу керек. Менің ойымша бюджеттің бір бөлігін Парламенттің құзырына беру керек. Қазір біз Үкіметтің белгілеген өлшемдерінен ауытқып алмаймыз. Екіншіден Парламент облыс әкімдерін тыңдау керек. Себебі, көптеген мәселе өңірлерде туындап жатады. Яғни, проблеманың жүйеленбей, дұрыс атқарылмауы салдарынан болады. Көтеріліп жатқан ауыз су, тұрғын үй шаруашылығы, жер, экология мәселелері түгел жергілікті жерде шешілу керек. Олар тек Ақордаға емес, Парламентке де жауап берсін. Бюджеттен өңірлерге қашама қаржы бөлініп жатыр. Ал бізде біз үш қана донор өңір бар, қалғанының бәрі дотацияда. Осы қаржы қалай жұмсалып жатыр? Күмән көп. Себебі, қымбатшылық етек алып барады. Жылу дұрыс берілмей жатыр. Қалаларымызды жылумен қамту өзекті болып жатыр. Осының бәрі өңір басшысының жауапкершілігіндегі мәселелер ғой. Олар бұған неге жол беріп отыр? Бөлініп жатқан қаржы қайда жұмсалуда? Осы сұрақтарға Парламентке келіп, өңір басшылары жауап беруі керек.

Сонымен қатар, заң шығару мәселесінде бюрократияны азайту маңыз-

лықпен де, заңмен, де үкіметпен де, билікпен де жұмыс істеуге қабілетті, азамат, маман ретінде пікірін сауатты айтып, батыл қорғай алатын депутаттардың келгенін қалаймын. Екі жылдан бері көзім жеткені көп заңдарды өзгертіп, халыққа пайдалы етуге болады. Бірақ ол үшін депутат өмірлік тәжірибесі зор, тәуелсіз әрі белсенді болу керек. Сонда заңдардың сапасы көтеріліп, халықтың қажетін шешетін болады. Ол үшін әрине сайлау барынша әділ өтіп, бұл тұрғыда халыққа ерік берілу керек. Мен өз басым праймериз арқылы келген едім. Осындай тетіктер іске қосылса, бұл сайлау депутаттық қорпұсты идеялы, іскер, тың күштерге толтыратыны анық.

– **Бұқаралық ақпарат құралдарына берген бір сұхбатыңызда билік бұтақтарына жаңа адамдар керек депсіз. Бұған қалай қол жеткізуге болады деп ойлайсыз?**

– Мұның бір жолы – Парламент депутаттарын кадрлар резервіне айналдыру. Заң шығарушы органды мамандардың, болашақ басшылардың, жауапты қызметкерлердің ұстаханасы деуге болады. Өйткені, депутаттар жұмыс барысында түрлі саланың жетекшілері, мамандары, сарапшыларымен қоян-қолтық араласып, үлкен мектептен өтеді. Бұған дейін де мол тәжірибе жинақтап келген олар, бұл істен де көп нәрсе түйіп, мәселені жылдам, тиімді шешудің қыр-сырын меңгереді. Сондықтан олардың әлеуетін пайдаланып, елге қызмет еткізу керек. Қазір шыны керек, бізде білікті кадрдың тапшылығы айқын сезіліп тұр. Мысалы, энергетика мен экология министрлігінің басшылығында сол саланың бірде-бір мамандары жоқ. Сол секілді ауылшаруашылығы саласы да өз мамандарына зәру. Қазіргі таңдағы туындап жатқан проблемалардың себебі осында. Мен қаланың әкімі болып жүргенде бір балабақшада температура тиісті деңгейден түсіп кетсе төтенше оқиға болатын. Ал қазір қаланың қатып жатуы қалыпты жағдайға айналып барады.

Меніңше бүкіл әкімдерді сайлау керек. Соған көзім жетті. Біреудің туысы, біреудің досы өтіп кетеді деп қорқудың қажеті жоқ. Халықтың көзі ашылды. Әсіресе, қаңтар оқиғасынан соң халықтың ойлау деңгейі түбірінен өзгерді. Сондықтан сайлауда әділетсіздікке жол берілмейді. Бірінші жолы дұрыс адам сайланбаса, алып тастап басқасын сайлайды. Халықты осыған үйретуіміз керек. Осылайша таза, әділ сайлау арқылы билікке білікті, елге жанашыр мамандарды әкелуіміз қажет. Мысалы, мені Мәжіліс депутаттығына үміткер етіп партиялық праймериз шығарды. Егер оны облыс әкімі шешкенде мен мұнда келмек едім. Халықтың өзі алып шықты. Халыққа мүмкіндік беруіміз керек. Халықты дана деп құр сөзден қуырдақ қуыра бермей, мұны нақты іспен көрсетейік. Сонда ғана дамудың даңғыл жолына түсеміз.

– **Уақыт бөліп, пікірлескеніңізге рақмет!**

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЖАРҒЫ – ЗАҢДЫ
ТҰЛҒА ҚЫЗМЕТІНІҢ
МІНДЕТТІ ШАРТЫ

Заңды тұлға институты азаматтық құқықта басты орындардың бірін алады әрі олар жеке тұлғалармен қатар, азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектісі саналады. Сондықтан, көпшілікті заңды тұлға ұғымы мен оларға қатысты заң нормаларынан қысқаша хабардар еткіміз келіп отыр.

Азаматтық кодекске сай, заңды тұлға меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында оқшау мүлікке ие субъект және оған осы мүлкімен өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік жүктелген. Бұдан әрі нақтыласақ, өз атынан мүліктік немесе мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерін жүзеге асырып, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға ретінде танылады.

Кез келген ұйымның заңды тұлға мәртебесін алуы үшін өзіндік белгілері болады. Мысалы, заңды тұлғаға ұйымдық бірлік, мүліктік оқшауланушылық, дербес мүліктік жауапкершілік, азаматтық айналымда өз атынан әрекет ету тән. Азаматтық кодекспен айқындалғандай, заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы, өз атауы жазылған мөрі, т.б. болуы міндет. Аталған кодекс пен басқа заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл талап жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қолданылмайды. Заңды тұлғалардың түрлері мен нысандары АҚ-нің 34-бабымен анықталған. Осыған орай айтсақ, коммерциялық мақсатта құрылып тек табыс табуды көздейтін немесе мұндай мақсатты ұстанбайтын және таза кірісті қатысушылары арасында бөлмейтін ұйымдар заңды тұлға бола алады.

Мәселен, коммерциялық мақсаттағы заңды тұлға – мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив болып, ал, коммерциялық емес заңды тұлға – мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысандарда құрылады. Коммерциялық емес, сондай-ақ, мемлекеттік бюджет есебіндегі заңды тұлғалар мемлекеттік мекеме нысанында ғана құрылып, олардың кәсіпкерлік қызметтері жарғыларына сай жүзеге асырылады.

Азаматтық кодекстің 36-бабымен көрсетілгендей, заңды тұлғаның оқшау мүлкіне оның қатысушыларының міндеттемелік және заттық құқықтары болуы мүмкін. Мұндай мүлкіне міндеттемелік құқықтарды сақтайтындар қатарында шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғам, кооперативтер бар. Ал,

мүлкіне меншік немесе өзге де заттық құқығын сақтап қалатын заңды тұлғаларға шаруашылық жүргізуші немесе оралымды басқару құқығында мүлкі бар ұйымдар жатады. Қоғамдық бірлестіктер мен қорлар және діни бірлестіктерде құрылтайшылардың мүліктік құқығы сақталмайды.

Заңды тұлға өз органдары арқылы азаматтық құқықтарды иеленіп, міндеттер қабылдайды және белгілі бір атаумен бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енеді. Ол заңнамалық актілерде өзгеше қарастырылмаса, қызметін жарғысы мен құрылтай шартының негізінде жүргізеді. Заңды тұлға бір адамдікі ғана болса, оның қызметін жүзеге асыруына жарғы жасаудағы жазбаша ресімделген шешім негіз болады. Мұндай жағдайда құрылтай шарты жасалмайды.

Жарғыда заңды тұлғаның атауы, тұрғылықты жері, нысаны, қызметінің мақсаты, басқа да қажетті мағлұматтар қамтылуы тиіс. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғада міндетті түрде фирмалық атау болады. Жалпы алғанда, жарғы заңды тұлғаның қызмет етуінің міндетті шарты. Егер заңнамалық актілермен айқындалса коммерциялық емес заңды тұлға жалпы ережелер немесе мазмұнын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен үлгілік жарғы негізінде әрекет жасайды. Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі Әділет министрлігінің үлгілік жарғысы негізінде жүзеге асады. Мүдделі адамдар заңды тұлғаның жарғысымен танысуға құқылы.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға Әділет органдарында, коммерциялық мақсаттағы заңды тұлға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс. Заңды тұлға құру тәртібінің бұзылуы немесе құрылтай құжаттарының заңға қайшы келуі мемлекеттік тіркеуден бас тартуға әкеп соғады.

Айгүл ТУРАЛИЕВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» мен «Есім ханның ескі жолынан» бастау алған сот жүйесі тәуелсіздік алғаннан кейін тың реформалармен толықты. Атап айтсақ, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» заң қабылданып, алқабилер институты енгізілді. Мамандандырылған соттар құрылып, судьяларды іріктеу талаптары күшейтілді. Медиация институтын дамыту бойынша оң бастамалар қолданысқа енді. Сондай-ақ, судьялардың жаңа Судьялық әдеп кодексі қабылданды. Осылайша, егемен елімізде әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи сот жүйесі қалыптасты.

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ –
САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды екенін айтып, «мемлекетімізді және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз», – деген еді. Осы тұрғыдан алғанда заңнамалар заман ағымымен үйлесе жаңғыртылып, ақпараттық технологиялар енді. Олар соттар жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, қоғамның сот төрелігіне деген қолжетімділігін арттырды. Бұлар өз кезегінде ашықтық пен жеделдікті қамтамасыз етті.

Өткен жылдарға шегініс жасасақ, азаматтар сотқа келіп, кезек күтіп арыз-шағым беретін, сот отырысының хаттамалары бума-бума қағазға түсірілетін. Әсіресе, бұл жағдай қаладан шалғайда жатқан ауыл тұрғындары үшін қолайсыздық туғызатын. Ал, қазіргі таңда сандық технологиялар жетісігінің нәтижесінде, сот саласы қағазбастылықтан арылды. Атап айтсақ, соттарға «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, сот органдарымен байланысу CALL орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейнежазба құрылғылары енгізіліп, тіпті, тараптар сот отырыстарына қашықтықтан қатысатын болды. Бүгінде «Сот кабинеті» сотқа жүгінуші тараптардың арасында маңызды сервиске айналды. «Сот кабинеті» арқылы азаматтар сот органдарының электрондық сервистеріне қолжеткізіп, оның орындалуын үйде немесе жұмыс орындарында отырып қарай алады. Мәселен, жыл басынан бері «Сот кабинеті» арқылы өңір соттарына 8480 арыз түссе, оның ішінде 7342 талап арыз тіркелді. Сонымен қатар, «Сот кабинетінің» мобильдік қосымшасында тағайындалған сот отырыстары туралы ақпаратты онлайн режимде табуға, сот органдарына «Сот кабинеті» веб-сервисі арқылы жолданған барлық құжаттарды көруге, пайдаланушы берген сот құжаттарын бақылап отыруға мүмкіндік жасалған.

Бүгінгі таңда соттарда бейне-конференц-байланыстың да қолданысы күн сайын артып келеді. Себебі, сотқа қашықтықтан қатысу тиімділігі аз уақыттың ішінде дәлелденді. Ең алдымен бұл сотқа қатысушылардың жолға жұмсайтын шығыны мен уақытын үндемдеуімен маңызды. Сондай-ақ, сотқа келушілердің шағымдарын қарау бойынша жүйеге енгізілген қызметтің бірі – «Digital agent». Аталған мобильді қосымша баға-



Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облыстық
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының төрағасы

лау жүйесі бойынша жұмыс істейді. Осы арқылы азаматтар соттар қызметін бағалап, өз пікірлерін қалдыра алады. Тағы бір айта кетерлігі, барлық сот процестерінің дыбыс-бейнежазбаға жазылуы. Қазіргі күні сот залдарындағы дыбыс-бейнежазба құрылғыларының әрбір қатысушының сөзін «тайға таңба басқандай» жазуы жариялылықты арттырып қана қойған жоқ, сонымен бірге тараптарды тәртіпке шақыруға жол ашты. Деректерге сүйенсек, еліміз бойынша 280 сотта жоғары талапқа сай жабдықталған фронт-офистер ашылып, сот отырысының 1,5 мың электрондық залы жабдықталған.

Қорыта айтсақ, сот жүйесіндегі жылдам әрі сапалы цифрлы қызметтің барлығы азаматтардың игілігіне бағытталған. Сондықтан, сандық технология сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, бюрократиялық кедергілерді жоюға, соттардың ашықтығын арттыруға мүмкіндік беріп, қоғам арасында өз тиімділігі мен сұранысын көрсетіп отыр.

АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНІМІ АРТТЫ

Елімізде әкімшілік әділет институты қарқынды дамуда. Бұған азаматтар мен бизнес өкілдерінің құқықтарын мемлекеттік органдардың қыспағынан қорғайтын әкімшілік соттарға 30 мыңға жуық талап арыз түсуі дәлел. Бұлай дейтініміз, аталған институт қолданысқа енбей тұрған кезде мемлекеттік органдар даулардың 85 пайызында ұтып шығатын.

Мемлекет басшысы халыққа жолдауында азаматтардың жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалатынын айтып, «осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет», – деген болатын. Қазіргі жағдай мүлде басқаша, яғни, бір жарым жыл ішінде даулы істердің 60 пайызы азаматтар мен бизнестің пайдасына шешілген. Аталған көрсеткіштен қарапайым азаматтардың мемлекеттік органдарға тартынбай талаптарын қойып, құқықтарының сотпен мінсіз қорғалатынына сенімі нығайғанын көреміз. Бұл мемлекеттік органдар қызметінің сапасын көтеруге ықпал етіп, олардың жауаптылығын жоғарылатуға мүмкіндік берді. Ал, жауаптылық бар жерде қызметтің өнімді әрі жемісті болатыны анық жағдай.

Ең бастысы, Әкімшілік рәсімдік-

процестік кодексі судьялардың құзыретін кеңейтті. Мысалы, әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Бұдан бөлек, істі қараушы судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойын-



ша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сондай-ақ, сот өз бастамасымен немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхатымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды. Осы арқылы сотқа деген сенім одан әрі артқаны өмір шындығы. Тағы бір айта кетерлігі, кодекс азаматтарға мемлекеттік органмен дауды сотқа

дейін шешуге мүмкіндік берді, яғни, уәкілетті органның әрекетімен немесе шешімімен келіспейтін азамат өзінің заңды құқықтарын қорғау мақсатында дәлелдемелерді ұсына алады. Мемлекеттік органның шешімімен келіспеген азаматтың нұқсан келтірілген заңды құқығын қорғауы үшін сотқа жүгіну мүмкіндігі бар. Әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге

қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуына, шектеуіне, тоқтатуына, оған Қазақстан заңнамасында белгіленбеген талаптарды сақтау мақсатында міндет жүктеуіне тыйым салынады.

Бүгінде өңір соттарымен аталған кодекстің талаптары кенінен түсіндірілуде. Осы ретте сот орындаушыларының әрекеттері мен әрекетсіздігін даулау, салықтық даулар, жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу, мемлекеттік сатып алу аудитінің нәтижелері бойынша уәкілетті органның шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқауларына дау айту туралы, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын істерде татуластыру рәсімдерінің қолданылуы және т.б. тақырыптарда жергілікті атқарушы органдар, бизнес, прокуратура және мемлекеттік кірістер басқармасы өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел, семинарлар тұрақты түрде өткізіледі. Әкімшілік әділет институты мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырып, қарапайым азаматтарға құқықтарын қорғауға заң аясында көмегін беріп келеді.

Жазира МУХАМЕТОВА,
Маңғыстау облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекеттік отбасылық саясат Қазақстан-ның әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі және отбасының өмір сүру сапасын, жағдайды жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету принциптері, бағалары мен шаралары жүйесін білдіреді.

Мемлекеттік саясаттың мақсаты – отбасыларды қолдау, нығайту және қорғау, отбасы мүшелерінің физикалық, интеллектуалдық, рухани, адамгершілік дамуына қолайлы жағдайлар жасау, ана болуды, әкелікті және балалық шақты қорғау.

Қазақстандағы гендерлік теңдіктің даму тарихы онша ұзақ емес. Ол Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 248 заңмен басталды. Қазақстан 1979 жылы 18 желтоқсанда қабылданған, Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияға қосылды. Жоғарыда аталған халықаралық-құқықтық актінің 3-бабында: «Әйелдерге адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ерлермен теңдік негізінде іске асыруына және пайдалануына кепілдік беру үшін қатысушы мемлекеттер барлық салаларда, және ішінара алғанда саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда әйелдердің жан-жақты дамуы мен прогресін қамтамасыз ету үшін барлық тиісті заңнамалық шараларды қоса қабылдайды» –деп көрсетіледі.

2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясының қабылдануы мен жүзеге асырылуы әйелдердің ғана емес, ерлердің де құқықтары мен мүмкіндіктері мәселелеріне тең дәрежеде қарауға мүмкіндік берді.

Гендерлік стратегияны іске асырудың аяқталуы мемлекеттік гендерлік саясаттың жаңа кезеңін тұрақты дамудың халықаралық тенденцияларымен, ұлттық стратегиялық басымдықтарымен және әлеуметтік саясаттың жаңа

принциптерімен байланыстыруға мүмкіндік туғызды. Осылайша, қазіргі заманғы тұрақты отбасының қалыптасуы мен гендерлік теңдікке қол жеткізу жағдайларын қалыптастыру – бұл қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырамас процесі екендігі айқын болып отыр.

ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен Қазақстанда 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдама ҚР Конституциясы, «Қазақстан–2050» стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасы, Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциялары және басқа да ратификацияланған халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде әзірленді.

Біздің елімізде отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері, қоғамдағы отбасының маңыздылығын түсіну, оның жаңа ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі, әлеуметтік тұрақтылық пен прогресті қамтамасыз ету, отбасы мен балалардың мүдделерін ескеру қажеттілігін мойындау, сондай-ақ, оларды әлеуметтік қолдаудың арнайы шараларын қабылдау мәселелері бойынша жеткілікті заңнамалық база құрылды.

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық соты гендерлік саясат мәселелері бойынша таныстыру және түсіндіру сипатындағы процедураны белсенді түрде жүзеге асырады, осы жұмысқа бұқаралық ақпарат құралдары тартылды, судьялар мақалалар мен материалдар жариялайды, қоғамның, оның ішінде құқықтық қоғамдастықтың қатысуымен әртүрлі іс-шаралар (семинарлар, дөңгелек үстелдер, дәрістер және т.б.) өткізеді.

**А. МУСЛИМОВ,
Шахтинск қалалық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**



**А.ҚОНЫСБАЕВА,
Ақтөбе қалалық сотының
жетекші маманы**

Мемлекеттік тіл тәуелсіздікпен қатар өз тұғырына қонды. Тіпті, азаттықтың, тәуелсіздіктің алғашқы қозғаушы күші де осы қазақ тілі болды десек еш қателеспейміз. Тарихтың сарғыш тарта бастаған күнпақтарына үнілсеңіз, атадан аманат болған аяулы тіліміздің де сан зобаланды бастан кешіргеніне куә боласыз. Қолданыстан шығып, тұтастай бір ұрпақ өзге тілде оқып, қарым қатынас тілі есебінде орыс тілінің алға шыққан кезеңі де болды. Мемлекеттік мәселелерге қатысты келелі жындыар, келісімшарт,

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ЕЛ АЙБЫНЫ, ТІРЕГІ

құжаттар да ресми тілде жүргізілген дәуір де ел есінде.

Бүгінде қазақ тілі өз тұғырына қонды. Қазіргі таңда аясы кеңейген мемлекеттік тіл елдегі барлық салада үстем. Іс-қағаздары, ресми құжаттар, қызметтік, жеке қарым қатынас – мемлекеттік тілге көшті. Кез келген мекемеден қарапайым халық мемлекеттік тілде қызмет ала алады. Бұл қатарда сот саласы да бар. Республика соттары өздерінің іс қағаздарын ғана мемлекеттік тілге көшіріп қойған жоқ, олар сонымен қатар сот ғимаратына арыз-шағым айтып келген барлық талап қоюшылармен мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасайды, заң шеңберінде жол нұсқайды.

Кез келген тіл қолданысқа енгеннен бастап түрленеді, кеңейеді, түзеледі. Сұранысқа, жалпыхалықтық қолданысқа ие болады. Осы ретте, бүгін қазақ тілінің күні тугандай. Мемлекет басшысы Қ.Токаев та үнемі өзінің халыққа арнаған жолдауында мемле-

кеттік тілге басымдық береді, тілдің мәртебесін арттыруға жол нұсқайды. Қазақ тілінің қолданысын арттыру, мәртебесін көтеру мақсатында елде әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар жүзеге асуда. Бұл бағыт жас ұрпаққа бағдар. Елін, жерін, тәуелсіздігін, тілін қадірлеуге бағытталған өнеге.

«Бабалардан қалған жалғыз байлығым, Ана тілім биік туым, айбыным. Арманға да айырбастай бермейтін. Тілісің сен ішімдегі қайғының. Жігіт бірде кедейленер байыр да, Ақ атымды, қанатымды қайырма. Айырсаң да, қымбаттымынан талай бір, О, Тәңірім, тек тілімінен айырма!» – деп Тұманбай Молдағалиев жырлағандай, тіл бабалардан қалған байлық, елдің айбыны. Сондықтан, мемлекеттік тілдің тұғыры биік, мәртебесі асқақ болу үшін кез келген азамат қай салада жүрсе де ат салысу парыз. Тіл біздің мақтанышымыз. Тәуелсіздіктің – кепілі, көрінісі, дәлелі.

ӨРТҮРЛІ

2. «Алматы облыстық медициналық-әлеуметтік оңалту және психотерапия орталығы» ШЖҚ КМК әкімшілігі, БСН 95034000887, «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК, БСН 021040003070, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде Талғар қаласы, Асан Қайғы көшесі, 45 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 872-774-2-31-36, 872-774-2-20-88.

3. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Сарқан ауданының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130341022280 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

4. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Талдықорған қаласының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130441007171 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

5. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Көксу ауданының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130341003446 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

6. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Кербұлақ ауданының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130341009613 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

7. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Ескелді ауданының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130341016051 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

8. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Текелі қаласының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130441010290 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

9. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Қаратал ауданының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130341002636 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

10. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Панфилов ауданының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130341024970 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazeta@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алмас» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

ПРЕСС-РЕЛИЗ
«Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ
сактандыру портфелін қабылдау туралы хабарлайды

2022 жылғы 21 желтоқсанда «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ мен «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ арасында 2022 жылдың 12 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының № 138-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сактандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының 12-бабы 2-тармағына сәйкес «Коммекс-Өмір» СК» АҚ сактандыру портфелін беру туралы шарт жасалды.

«Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ сактандыру портфелін беру нәтижесінде «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ бұрын жасасқан барлық сактандыру шарттары бойынша сактандырушы мәртебесіне ие болды:

- қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру.

Заңнамға сәйкес «сактандыру портфелі» – сактандыру ұйымының сактандыру шарттары бойынша, оның ішінде қолданылу мерзімі өткен сактандыру шарттары бойынша қабылданған тәуекелдер бойынша жынтық міндеттемелері, олар бойынша сактандыру ұйымы міндеттемелерді көтереді не сактанушылар (сактандырылушылар, пайда алушылар, қайта сактанушылар) алдында міндеттемелердің туындау ықтималдығы бар.

Берілген сактандыру портфеліне енген барлық шарттар бұрынғы шарттарда қолданысын жалғастырады. Сактандыру портфелінің «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ қабылдауы қолданыстағы сактандыру шарттарын қайта жасасуды талап етпейді, оларға өзгертулер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жалпы тәртіппен енгізілетін болады және сактандырушының өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындауына әсер етпейді.

Анықтамалар:
«Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ 2019 жылғы 27 желтоқсанда құрылды. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген, «өмірді сактандыру» саласы бойынша сактандыру (қайта сактандыру) қызметін жүзеге асыруға құқық беретін 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №2.2.11 лицензия негізінде қызметті жүзеге асырады.

Компанияның өңірлік бөлімшелері Қазақстанның әкімшілік орталықтарында орналасқан. Компания «Сактандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ қатысушысы болып табылады.

2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ активері 9 143 мың теңгеден асты, сактандыру резервтері – 5 700 мың теңге, меншікті капиталы – 3 345 мың теңге.

Қосымша ақпарат алу үшін «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ баспасөз орталығына Шведкова Юлияға хабарласуға болады: тел.(727) 244-74-00, e-mail: Y.Shvedkova@kommeksk-omir.kz.

11. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Алакөл ауданының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130341010954 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

12. «Алматы облысының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің филиалы – «Ақсу ауданының жастар ресурстық орталығы» ЖШС БСН 130441004117 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қонаев қаласы Кунаев көшесі 7/5, тел.: +77473353151.

13. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 20-бабының 6-тармағына және Тарифтерді белгілеу қағидаларының 319-тармағына сәйкес, № 90 ЖШС «Объединённое железнодорожное хозяйство» тұтынушыларға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Астана қаласы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №121-НҚ бұйрығымен жол жүруге арналған кірме жолдар қызметтерінің тарифі белгіленгенін хабарлайды. Жылжымалы құрам 2023 жылғы 1 қантардан бастап жаңадан құрылған табиғи монополия субъектісіне 2 452,13 теңге сомасында оңайлатылған тәртіпте бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда бекітілді.

18. Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының «Ветеринарлық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, БСН 120340009187, жарғылық капиталдың 134 983 675 теңгеге азайғаны туралы хабарлайды.

МҰРАГЕРЛІК

14. 2022 жылы 21 тамызда қайтыс болған азамат Аманжан Тургаевтың атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авантард 3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандыковаға хабарласуларын сұраймыз.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78


ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

15. «Дардамты» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі» ұйымы, БСН 170240011868, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Дардамты ауылы, А.Розыбакиев көшесі, №12 үй. Тел.: 87051618778.

16. «ГРАНД-ЛОМБАРД КЗ» ЖШС, БСН 161240006555 (заңды мекенжайы:

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалтудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Жетісу облысының Жаркент қаласында «Жаркент өңірі: тарихы, жеке тұлғалары, өзекті мәселелері (XVII – XX ғғ.)» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



130 жылдық тарихы бар Жаркент туралы аз-кем айта кетсек. Ғасырлар бұрын бұл жермен Ұлы Жібек Жолы өткені белгілі, сондықтан осы өңірде елді мекендер болуы ықтимал. Аталған аумақ арқылы Қытаймен шекара сызығы өткен. Қазір Қорғас шекара қалашығына дейін небәрі 28 шақырым.

Жетісу өңірі 1881 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы Санкт-Петербург шартына қол қоюға байланысты Ресей империясының құрамына кірді. 1891 жылы ол шекара қалашығына айналды. 1928 жылы негізінен тұрғындар сауда және колонермен айналысатын аудан орталығы мәртебесіне ие болды. 1942 жылы қалашық генерал-майор Иван Панфиловтың құрметіне Панфилов болып өзгертілді, кейінірек қалаға бұрынғы «Жаркент» атауы қайтарылды.

Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның жұмысына Астана мен Алматыдан, Талдықорғаннан және Қонаевтан белгілі тарихшы ғалымдар, өлкетанушылар, археологтар, жазушылар, акындар қатысты. Сондай-ақ, басқосуға Алматы және Жетісу облыстарының тарих және әдебиет мұғалімдері шақырылды.

Конференцияны ашқан модератор, репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қорының президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес Қазақстанда саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлерді ғана емес, қарапайым азаматтарды да ақтау бойынша жұмыстардың белсенді жүргізіліп жатқанын атап өтті. Мұндай ауқымды қызметке ел Президенті Қ. Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлығы үлкен серпін берді. Осы бағдарлама аясында еліміздің барлық өңірлерінде қуғын-сүргін фактілерін зерттеу жөніндегі комиссиялар құрылды, олар заңсыз сотталған, жер аударылған азаматтардың, сондай-ақ, әкімшілік жауапқа тартылған адамдардың істерін зерттейтін болады.

Алматы облысы екі аймаққа бөлінгендіктен, өлкенің тарихи мұрасын зерттеу бағдарламасының аясы да біршама кеңейтілді. Енді Жетісу облысының тарихы өз алдына жеке зерттелетін болады. Осыған байланысты екі өңірдің әрқайсысының басшылығы аталған мәселеге түсіністікпен қарап, қолдау көрсетуге дайын.

Шекараның екі жағы

Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының бастығы Болат Керімбек өз сөзінде бұл өңірде ертеректе

маңызды тарихи оқиғалар орын алғанын айтты.

– Лепсіден Қапалға, Үшаралдан Жаркентке дейінгі аумақты алыңыз. Бұл жерлерде қаншама тарихи фактілер мен мәліметтер жатыр десеңізші?! Тарихшылар мен зерттеушілердің осы аймаққа қатысты егжей-тегжейлі зерттеу жұмыстарын Жаркент қаласынан бастағаны өте жақсы. Менің ойымша, бүгінгі конференцияның материалдары көптеген тарихи фактілер мен мәліметтерді қайта қарауға негіз болары анық, – деді ол.

Белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеевтің «Жер тарихы – ел тарихы» тақырыбындағы баяндамасы да қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Жазушының өзі осы жерде туып-өскен, сондықтан ол өзінің романдарына арқау еткен негізгі тарихи оқиғаларды тамаша сипаттаған. Ол алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының қуғын-сүргінге ұшырауы бүкіл халықтың қасіреті екенін айрықша атап өтті.

– Белгілі ақын Нұрлан Оразалиннің бір өлеңінде «Шекараның ар жағында менің халқым, бер жағында – менің халқым» деген жолдары бар. Қытаймен шекараны алып қарасаңыз, – деді Б.Нұржекеев, – онда Үлес, Шонжы, Үрімші, Іле, Алтай, Тарабағай сияқты аудандар бар. Онда да, мұнда да қазақтар тұрады. Монғолияны алыңыз. Баян-Өлгейде де ежелгі заманнан бері қазақтар, Қатонқарағайда да қазақтар өмір сүріп келеді. Таулы Алтайда да солай. Шекара бойын жайлаған елді мекендердің барлығында да осындай жағдай.

Жаркент өңіріне келетін болсақ, тек Орбұлақ шайқасы туралы бірнеше сағат бойы талмастан айтуға болады. 1643 жылы Орбұлақ өзенінің маңындағы Белжайлау шатқалында Қазақ хандығының 600 сарбазы мен көмекке келген Бұхара хандығының 20 мыңдық қолы жоңғарлардың 50 мың әскеріне қарсы шығып, тойтарыс берді.

Жаркент маңында жатжерліктерге қарсы ұлт-азаттық шайқастар басталды. Сондықтан бұл шайқастар, кейбір тарихшылардың қате айтып жүргеніндей, азаматтық емес, Отан қорғау жолындағы соғыстар болды.

Ә. Марғұлан атындағы археология институтының аға ғылыми жетекшісі Докей Талеев «Жаркент өңірінің тарихи тамыры: Ілебалық қаласы» атты баяндама жасады.

– Біздің ата-бабаларымыз өткен ғасырларда қазіргі Жетісу өңірінің аумағын мекендеген, – деді ол. – Бұған көптеген археологиялық қазбалар, ежелгі артефактілер дәлел бола алады.

Бұл жерде сақтар, үйсіндер және басқа ұлыстар өмір сүрген. Бұл өлкеде жоңғар қақпасы арқылы Ұлы Жібек Жолы өткен. Алайда, зерттеушілер бұл жағдайға соңғы уақытқа дейін аса көп көңіл бөле қойған жоқ. Геосаяси жағдайларға байланысты, Батыспен қайтадан байланыс орната бастағанда, Еуропаға өту үшін Жібек Жолын қайта жандандыру қажеттілігі туындады. Махмұд Қашқаридің ежелгі еңбектерінде Ілебалық қаласы туралы айтылады, алайда тарихшылар ұзақ уақыт бойы бұл елді мекеннің орналасқан жерін анықтай алмады.

2016 жылы Жетісу аумағында қазба жұмыстарын жүргіздік. Үшаралдың жанында, ауылдың оңтүстік бөлігінде ежелгі қоныстардың орындары табылды. Өкінішке қарай, ежелгі ғимараттардың көп бөлігі қирап қалған. Тек орталық қорған ғана аман қалған. Археологиялық қазба жұмыстары бұл жерде ежелгі Ілебалық қаласы болғанын растады. Мұнда әйелдердің зергерлік бұйымдары, тұрмыстық заттар, қола және мыс ыдыстар, XIV–XV ғасырларда айналымда болған ұсақ монеталар табылды.

Тағы бір ежелгі Алмалық қаласы қазір Қорғастан 18 км қашықтықта, Қытай аумағында орналасқан. Киликия Армениясының патшасы Гетум 1254 жылғы өзінің жазбаларында: «Іле өзенін сол жағалауымен жүріп отырып, Талхирға (Талғар) өттік», – деп Ілебалық пен Алмалық туралы айтқан.

Қазақстан Үкіметі Алмалықта археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру үшін Қытай тарапына бірнеше рет сауал тастаған. Алайда, олар күні бүгінге дейін жауапсыз қалып отыр. Шамасы, Қытай Алмалықтың ежелгі тарихын білуге аса мүдделі емес.

Кино кейіпкері кім болған?

Жаркент қаласының милиция қызметкері Қасымхан Чанышевтің өмірбаянын зерттеген Тұрақты даму орталығы «Ошақ» қоғамдық даму орталығының төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор Сарқытбек Молдабаевтың баяндамасы да қызықты болды. Елімізде «Атаманның ақыры» фильмін көрмеген адам жоқ шығар. Онда чекист Шадияровтың рөлін әйгілі актер Асанәлі Әшімов сомдайды. Ал шын өмірде бұл кино кейіпкері Жаркент қаласында тұрып, жергілікті милиция органдарында қызмет еткен. Ол Қасымхан Чанышев. Атаман Дутовтың ақ гвардияшыл бандасымен күресіп өткен.

Сарқытбек Молдабаев милицияда жұмыс істеген кезінде фильмнің прототипі Чанышевтың 30-шы жылдардың басында Жаркент уездік полициясында жұмыс істегенін анықтайды.

– Мені осы чекистің тағдыры қатты қызықтырды, – дейді Сарқытбек. – Материалдар жинап, оның кейінгі өмірін зерттей бастадым. Милицияда жұмыс істеген жылдары Чанышев туралы ғана емес, оның серіктестері туралы да жеткілікті материал жиналды. Жаркент милициясы бөлімінде мұражай ашуға шешім қабылданды. Сол кездегі республиканың ІІМ министрі Байкенов менің идеямды мақұлдады. Мұражай ашылды.

Жанадан құрылған Қазақ Республикасының қалыптасу жылдарында Қасымхан Чанышевке Қытайдың Құлжа қаласында жасырынған банданың басшысы атаман Дутовты жою тапсырылады. Банда басшысын жою жөніндегі операцияны Чанышевтің сәтті

ДИДАР

ЕЛ ТАРИХЫ – ЖЕР ТАРИХЫ

жүргізгені соншалық, тіпті тағы бір атаман Сидоровтың да тобы жойылады. Бұл операцияға сол кезде Қасымханның Құлжада тұрған әпкесі де қатысады. Осы және басқа деректер туралы Чанышевтің Талдықорған қаласында тұратын қызы Нелля Қасымханова да айтып берген болатын. Оның айтуынша, Жаркентте жұмыс істеп жүрген кезінде әкесі бірнеше рет «жауларға көмек көрсетті» деген жаламен айыпталған. Алайда кейінірек бұл айыптар алынып тасталған. Көмпескеге ұшыраған байлардың бірінің балалары «Біз мұны бұлай қалдырмаймыз, әлі де кек алатын күн туады» деп Чанышевке сес көрсеткен. Ақыры ол жала жабылып, қайтадан қамауға алынып, түрмеге қамалады. «Тұтқыннан қашып кетті» деген сылтаумен қудалау кезінде атып өлтірілген. Осы деректі фактілер мен мәліметтердің негізінде Сарқытбек Молдабаев «Ақиқатқа құқық» кітабын жазды.

Ескерткіштерді сақтау

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Талдыбек Нұрпейіс «Жетісу өңірінің Ресей империясының отаршылдық өлкесіне айналуы» (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы) атты баяндамасы да танымдық деректерге толы болды.

Ғалымның айтуынша, қазақ даласының еуразиялық кеңістігінде төрт ұлы империя болған. Солардың бірі – Ресей империясы. Кеңес заманында тіпті белгілі ғалымдар да өз зерттеулерінде Қазақстанның Ресейге ерікті түрде қосылуы туралы айтқан. Алайда, 25 жылға сотталған белгілі қазақ тарихшысы Ермұхан Бекмаханов өз еңбектерінде Қазақстанның Ресей құрамына өз еркімен кіргенін жазған жоқ. XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасына қарай Қазақстанды Ресейге мәжбүрлеп қосу процесі аяқталды. Осы мақсатты ұстанған патша үкіметі отаршылдық сипаттағы әкімшілік-сот реформасын жүргізе бастады. Ресейдің патшалық үкіметі бұл реформаны қазақ халқының мүддесін ескермей, жергілікті халықтың қатысуынсыз жоғарыдан жүргізуге шешім қабылдады. Сол үшін арнайы «Дала комиссиясы» құрылып, оның құрамына картографтар, жерге орналастырушылар, статистер ғана емес, қырғыздардың (қазақтардың) адамгершілік қасиеттерін зерттеумен айналысып жүрген психологтар да кірген.

Айта кетерлік бір қызықты жайт, комиссия психологтары көшпелі қырғыз-қайсақтардың (қазақтар) мінезінің 12 жағымды қасиетінің ішінен «үлкендерді құрметтеу» және «балаларға деген сүйіспеншілік» екенін атап айтқан. Ал ең жағымсыз қасиет «мақтану» деп көрсеткен екен.

Жергілікті өлкетанушы, «Жаркент айнасы» газетінің бас редакторы Молот Солтоноев өз сөзінде тарихи ескерткіштердің сақталуына алаңдаушылық танытып, бұл конференцияның Жаркент тарихын зерттеудің мәселелерінің шешілуіне өз үлесін қоса алса деген тілегін білдірді.

– Өз халқының тарихын, өлке тарихын жергілікті өлкетанушылар мен тарихшылардан басқа кім зерттей алады? Мысал ретінде Қорғас пен Алмалықтың арасындағы аумақты алайық. Менің есебім бойынша, адамдар жаппай жерленген жеті орын бар. Науалы

сай маңынан адам сүйектері табылды, Алмалықта адамдарды атып өлтірген екі орын бар. 70-ші жылдары біздің өңірде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, 97 тарихи орын анықталып, ежелгі ескерткіштер, петроглифтер табылған еді. Ата-бабамыздың барлық жазбаларын тасқа қашап қалдырғаны белгілі. Сондықтан олардың дәуіріндегі барлық тарих тастың бетінде таңбаланған. Біздің міндетіміз – келер ұрпақ үшін осы ескерткіштерді көздің қарашығындай сақтау. Қазір су қоймасының құрылысы жүріп жатқан Шұңқыр-бұлақ петроглифтерін алыңыз. Егер біз қазір тиісті шара қолданбасақ, ежелгі ескерткіштер су астына кетеді, – дейді шыр-пыры шыққан өлкетанушы.

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Сағатбек Медеубекұлының, жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің, Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, суретші Байтұрсын Өмірбековтің, ҚР Президенті мұрағатының XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығының басшысы, саяси ғылымдардың докторы Гүлшат Рамазанқызының, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институтының докторанты Еркін Стамшаловтың және басқалардың баяндамалары қызықты әрі мазмұнды болды.

Конференция қорытындысы бойынша қарар қабылданды. Пленарлық отырыстан кейін ұйымдастырушылар қатысушыларды қарасыз қалған Жаркент түрмесіне бастап апарды. Революцияға дейін, нақтырақ айтсақ, 1901 жылы салынған бұл түрме шекара бұзушыларды, түрмеден қашқандарды, ал қуғын-сүргін жылдары саяси тұтқындарды ұстау үшін пайдаланылған.

Зерттеушілердің айтуынша, Жаркент түрмесінде 30-шы жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандарды ұстап қана қоймай, тіпті ату жазасы да осы жерде жүзеге асырылған. Атылғандардың денелері түрмеден тіке келетін жерасты жолдары арқылы ағысы қатты тау өзеніне тасталған. Екі қабатты түрме ғимаратының қабырғалары Тянь-Шань емені мен шыршасының жуан бөренелерімен қапталған. Кем дегенде өткен 120 жылдың ішінде оларға ештеңе болмаған. Бір кездері әкімшілік ғимараты болуы ықтимал екі қабатты үйдің екі жағында бір қабатты үй-жайлар орналасқан. Бұлар тұтқындарға арналған камералар болуы әбден мүмкін. Ішінде бөлмелерді бөлген аралық қабырғалар сақталып қалғанмен, төбесі опырылып ортасына түскен. Көңіл құлазытатын көрініс. Сол кезеңде жасалған қианаттың табы осы қабырғаларға мөр сияқты басылып қалғандай әсер береді. Түрме ішінде болған қайғылы оқиғалар туралы шындықты ішіне бүгіп тұрғандай. Ауланың түпкі жағында аласа келген қосалқы үй-жайлар бар. Сыртқы көрінісі жақсы, қатты қаңылтырмен қапталған. Кіре берісінде шағын ғимарат сақталған, сірә, мұнда айдауылдар орналасса керек.

Уақыт өте қарайып кеткен түрме ғимаратына бір рет қарағанның өзінде бұл қабырғалардың артында тағдырдың теперішін тартып, жаны қиылған адамдардың басына түскен қайғы-қасіретті айтпай-ақ түсінесіз.

«Мұндай зобалан қайталанбас үшін де бұл жерге жиі келіп тұруға тиіспіз», – деген профессор Ғарифолла Әнестен асырып ештеңе айта алмаспыз, сірә!

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.

Батыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №190 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты таллап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31